21 ҚАРАША,
СЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№129 (23 743)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Қылмысқа қарсы цифрлы қалқан
2-бет



Ұстаз еңбегінің өлшемі не?
5-бет



Алаш арысы ардақталды
8-бет



Әлеуметтік көмектің жаңа көкжиегі

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып, мемлекеттік қолдауды халықтың нақты қажеттілігіне бағыттау міндетін алға қойды. Бұл ретте әлеуметтік көмектің әділ бөлінуі мен бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуы айрықша маңызға ие. Өйткені, жәрдемақы біреу үшін қосымша көмек болса, енді, сол жәрдемақымен күнелтіп отырған отбасылар да бар. Ал, 2027 жылғы 1 қаңтардан елімізде әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі өзгеріп, отбасының нақты әл-ауқатын бағалауға басымдық берілмек. Жеті баласын жалғыз жалақымен асырап отырған отбасының жағдайын цифрлық жүйе қаншалықты дәл бағалай алады? Осы сауалдарға ресми деректер, сала мамандары мен тұрғындардың пікірі арқылы жауап іздеп көрдік.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсіндіруінше, өзгерістер әлеуметтік көмектің атаулылығын арттыруға бағытталған. Қолданыстағы тетіктерде адамның белгілі бір санатқа жатуы шешуші рөл атқаратын тұстар бар. Соның салдарынан тұрмысы жақсы отбасы мен қолдауға шынымен мұқтаж отбасы кейбір жәрдемақыларды бірдей тәртіппен алуы мүмкін. Мемлекет осы айырмашылықты нақтыламақ.

Ресми ақпараттағы сандарды да шатастырмаған жөн. Министрліктің қазан айындағы түсіндірмесіне сәйкес, 2027 жылғы 1 қаңтардан бюджет есебінен төленетін 36 түрлі жәрдемақының 12 түрін тағайындау кезінде отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді бағалау көзделген. Қалған 22 түрі бұрынғы тәртіппен беріле береді.

Оның үстіне, пилоттық жоба жөніндегі хабарламада сол 12 төлемнің толық, нақты тізімі ашық берілмеген.

Сондықтан, «келесі жылдан бастап пәлен жәрдемақы міндетті түрде тоқтайды» деп кесіп айтуға ерте.

Жаңа тәсілдің негізгі құралы – Отбасының цифрлық картасы. Бұл жүйе жаңадан құрылған жоқ, 2023 жылдан бері қолданылып келеді. Қарашада жарияланған ресми мәлімет бойынша, ол 6,2 миллион отбасыны, шамамен 20,4 миллион адамды қамтиды. Карта отыздан астам мемлекеттік ақпараттық жүйеден алынатын мәліметтерді біріктіреді. Туу мен неке туралы дерек, еңбек шарты, ресми табыс, тұрғын үй, жер, көлік, кәсіпкерлік қызмет, әлеуметтік төлемдер – бәрі отбасының цифрлық бейнесін қалыптастыруға қатысады. Дегенмен, жүйеге түскен ақпараттың бәрі бірдей әл-ауқатты есептеуге пайдаланылмайды. Бағалауға бекітілген әдістемеде көрсетілген өлшемдер ғана негіз болады.

3-бет

• РЕСМИ

Қазақ тілінің 28 сөздігі әзірленеді

Қазақстанда қазақ тілінің емле ережелерін жүйелеу, сөздіктерді жаңарту және оларды цифрлық форматқа көшіру бағытында ауқымды жоба қолға алынады. Оның аясында тіл нормаларына арналған 6 анықтамалық, 19 негізгі және 9 академиялық аударма сөздігін әзірлеу жоспарланған. Барлық еңбек «Қазақ тілінің әмбебап сөздігі» ұлттық цифрлық платформасында көпшілікке қолжетімді болады.

Бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында берген тапсырмасы аясында жүзеге асырылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Вице-Президенті Ерлан Қарин тілтанушы ғалымдармен, Құрылтай депутаттарымен, Үкімет және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесіп, қазақ тілінің нормативтік негіздерін жетілдіру мәселелерін талқылады.

Жиында сөздердің жазылуы мен айтылу нормаларын біріздендіру, қолданыстағы терминдер мен ұғымдарды жүйелеу, тіл білімінің ғылыми және технологиялық инфрақұрылымын қалыптастыру міндеттері қаралды.

Ерлан Қарин бұл жұмыстың мемлекеттік тілдің келешегі үшін стратегиялық маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазақ тілі ғылым мен инновацияның тіліне айналуы тиіс.

Өз тілшіміздің

• ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ

«Қазан ұрмай, қар жаумай...»


Биылғы жаздың жыры – жадымызда. Қуаңшылық болып, шаруалар біраз тығырыққа тірелді. Жер-Ана аңсап күткен жауын-шашын жаз айларының соңына қарай жетті. «Қазгидромет» дерегінше, биылғы жаз Қазақстанда метеорологиялық бақылау тарихындағы ең ыстық жаз ретінде тіркелді. Маусымдық орташа температура климаттық нормадан 2,15 °С-қа жоғары болып, жауын-шашын нормадан 7,12 мм-ге аз түскен. Нақты Қарағанды облысында жаз ерекше ыстық әрі құрғақ өтті. Өңірдегі Бесоба метеостанциясында ең жоғары ауытқу +4 °С көрсеткен. Ал, қазан мен қарашаның сиқы мынау. Арқада алты ай жатып, асықпай аттанатын қысқа ұқсамайды. Биыл ақ босағаны қымсына аттаған ақ келінге ұқсап тұр. «Бұл не қылығы екен?» деп аң-таң болып отырмыз. Сөйтіп, биылғы келісінің сырын аңдап көрдік. Тамырын басып, қас-қабағын бағып едік, болжам бойынша мына қыс даланың да, қаланың да қазағына жайлы болатын сияқты. Бірақ, қауіп те жоқ емес.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазгидрометтің» ресми деректері елімізде биыл қыс салыстырмалы түрде жылы болады деп отыр. Тіпті, көптеген өңірде жауын-шашын мөлшері климаттық нормаға жақын екен. Елдің кей аумақтарында жауын-шашын әдеттегіден көп түсуі мүмкін. Әсіресе, Қазақстанның солтүстік-батысына, солтүстігіне, солтүстік-шығысына және орталық бөлігіне, яғни, Қарағанды облысының аумағына жаңбырлы бұлттар аялдамақ.

6-бет

1991-2020 жыл аралығындағы нормалық көрсеткіштер нәтижесі



Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді. «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **493.86** ●USD/KZT **448.72** ●RUB/KZT **5.49** ●CNY/KZT **67.31**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Қылмысқа қарсы цифрлық қалқан

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қылмыстың алдын алу, құқық бұзушыларды анықтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде цифрлық технологиялардың мүмкіндігі кеңейіп келеді. Қарағанды облысында биылғы бергі он айда бейнебақылау камералары мен заманауи техникалық құралдардың көмегімен 2387 қылмыстық құқық бұзушылық ашылған. Қазір өңірде 100 мыңнан астам бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Оның 41 мыңнан астамы полицияның ақпараттық жүйесіне қосылған. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін құрылғылар адамның бет-жүзін танып, көлік қозғалысын бақылауға, құдіктілерді анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Мұның бәрі құқық қорғау органдарының жұмысын жеделдетіп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа тетіктерін қалыптастыруда.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету полиция қызметкерлерінің кәсіби біліктілігімен қатар, заманауи технологияларды қаншалықты тиімді пайдалана алатынына да байланысты. Өйткені, цифрлық жүйелердің мүмкіндігі құқық бұзушылықты тіркеумен шектелмейді. Олар оқиға орнындағы жағдайды жедел бағалауға, күдіктілерді анықтауға және құқық қорғау органдарының әрекетін үйлестіруге көмектеседі.

Өңірдегі цифрлық қауіпсіздік жүйесінің мүмкіндіктерімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Мұрат Қабденов және облыстың полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов танысты. Олар Жедел басқару орталығында болып, жаңғыртылған бейнебақылау жүйесі мен полиция қызметіне енгізілген цифрлық сервистердің жұмысын көрді.


Соңғы уақытта Жедел басқару орталығының техникалық мүмкіндіктері едәуір кеңейтілген. Ақпаратты көрсету жүйесі жетілдіріліп, 102 арнасына келіп түсетін хабарламаларды операторларға жеткізу жылдамдығы артқан. Бұл өз кезегінде тұрғындардың өтініштеріне жедел әрекет етуге және оқиға орнына тиісті қызметтерді уақытылы бағыттауға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, облыстың қалалары мен аудандарында 12 жедел басқару орталығы ашылған. Осылайша, қоғамдық тәртіпті бақылау жүйесі облыс орталығымен ғана шектелмей, өзге де елдімекендерді қамтып отыр. Мұның әсіресе, оқиғаға жедел әрекет ету қажет болатын шалғай аумақтар үшін маңызы зор.

Цифрлық бақылау жүйесінің кеңеюін өңірдегі бейнекамералар санының артуынан да байқауға болады. Қазір облыста 100 мыңнан астам камера жұмыс істейді. Оның 41 мыңнан астамы полицияның ақпараттық жүйесіне біріктірілген. Бір жылдың ішінде бейнебақылау құрылғыларының саны 21 мыңға көбейген.

Бейнебақылау желісіне білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, сауда орталықтары, теміржол вокзалдары мен халық көп шоғырланатын басқа да қоғамдық орындар кезең-кезеңімен қосылып жатыр. Мұндай жүйе қоғамдық кеңістіктердегі жағдайды бақылап қана қоймай, құқық бұзушылық орын алған жағдайда қажетті бейнематериалдарды жедел алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен, қазіргі камералардың қызметі бұрынғыдай бейнежазбаны сақтаумен ғана шектелмейді. Жасанды интеллект негізіндегі бейнеталдау жүйелері адамның бет-жүзін автоматты түрде тануға, көлік қозғалысын қадағалауға, адамдардың көп жиналуын анықтауға және қоғамдық орындардағы бірқатар құқық бұзушылықты тіркеуге қабілетті.



Бейнеталдау модульдерімен жабдықталған 1169 камера іске қосылған. Олар полицияның жедел іздестіру жұмыстарына қосымша мүмкіндік беріп, күдіктілерді анықтау мен іздеуге кететін уақытты қысқартуға көмектеседі. Бұл технологиялардың нәтижесі нақты көрсеткіштерден де көрініс тауып отыр.

– Жыл басынан бергі он айда бет-жүзді тану технологиясының көмегімен 18 адам анықталып, ұсталды. Бейнебақылау камералары мен цифрлық құралдардың көмегімен барлығы 2387 қылмыстық құқық бұзушылық ашылды. Бұдан бөлек, 164 камера абаттандыру қағидаларының сақталуын бақылауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, тұрмыстық және құрылыс қалдықтарын белгіленбеген жерлерге заңсыз төгу деректерін анықтайды, – деді облыстың полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жанат Қақажанов.

Осылайша, бейнебақылау жүйесінің қолданылу аясы қылмыспен күрестен әлдеқайда кең. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етумен қатар, ол қалалар мен елдімекендердің тазалығын сақтауға, абаттандыру талаптарының орындалуын бақылауға да қызмет етіп отыр. Бұл – цифрлық технологиялардың күнделікті тіршілікке тікелей әсер ететін тұсы.

Жаңа технологиялар полиция қызметкерлерінің жұмыс тәсілдерін де өзгертуде. Мәселен, облыста профилактикалық есепте тұрған адамдарды бақылау үшін 150 электронды құрылғы пайдаланылады. Мұндай құралдар бақылау шараларын жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, патрульдік полиция және арнайы бөлімшелердің қызметкерлері кіріктірілген бейнекамералары бар смарт-бейджбен қамтамасыз етілген. Олар қызмет барысында болып жатқан жағдайларды бейнетіркеуге мүмкіндік береді. Бұл құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттыру, даулы жағдайлардың мән-жайын анықтау және қызметтік тәртіпті сақтау тұрғысынан маңызды.

Ал учаскелік полиция инспекторларының жұмысына «Цифрлық учаскелік» жүйесі енгізілуде. Аталған бастама полиция қызметіндегі ақпарат алмасуды жүйелеп, профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде ұшқышсыз ұшу аппараттары да қолданылып келеді. Дрондар жедел жағдайды бақылауға, арнайы тапсырмаларды орындауға және ауқымды аумақтарды қадағалауға мүмкіндік береді.

Олардың қызметі құқық қорғау шараларымен ғана шектелмейді. Ұшқышсыз аппараттар «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елдімекендердің санитариялық жағдайын бақылау, қоршаған ортаны ластау деректерін анықтау үшін де пайдаланылып отыр.

Цифрлық бақылаудың тағы бір маңызды бағыты – жол қауіпсіздігі. Бүгінде облыс жолдарында көлік жүргізушілерінің жол қозғалысы қағидаларын бұзу деректерін автоматты түрде тіркейтін 170 стационарлық кешен жұмыс істейді.

Мұндай жүйелер жолдағы құқық бұзушылықтарды тіркеуге, жүргізушілердің жауапкершілігін арттыруға және жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларын күшейтуге мүмкіндік береді. Өйткені көлік қозғалысының қарқындылығы артқан сайын жол қауіпсіздігін тұрақты бақылаудың да маңызы арта түседі.

Полиция қызметін цифрландыру тұрғындармен кері байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін де қалыптастыруда. Қазір азаматтар құқық бұзушылық немесе өздерін алаңдатқан жағдай туралы хабарлау үшін міндетті түрде полиция бөлімшесіне баруға тиіс емес.

Өтініштерді eGov электрондық үкімет порталы, POLICE-102 мобильді қосымшасы, сондай-ақ, банктердің мобильді сервистері арқылы жолдауға болады. Келіп түскен хабарламалар бірыңғай жүйеге тіркеліп, тиісті мәліметтер полиция қызметкерлеріне жедел жеткізіледі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жол қатынасы жақсарды

Облыстық маңызы бар «Осакаров-Есіл-Қаракөл-Молодежный» бағытындағы автожол толық асфальтталды. Биыл жолдың соңғы 10 шақырымында жөндеу жұмыстары аяқталып, жалпы ұзындығы 72 шақырым болатын жол тұтастай асфальт төсемімен қамтылды. Бұл елдімекендер арасындағы көлік қатынасын жақсартып, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы жол жүруіне мүмкіндік береді.

Бұған дейін автожолдың 62-ші шақырымынан 72-ші шақырымына дейінгі бөлігінде асфальт жабыны болмаған. Аталған учаскеге қиыршық тас пен құм-қиыршық тас қоспасы төселген еді. Биыл мұнда орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жолдың сапасы жақсартылды.

Жөндеу барысында жолдың негізі мен жиектері нығайтылып, шұңқырлар мен деформацияланған бөліктері қалпына келтірілді. Одан кейін екі қабат асфальтбетон жабыны төселді. Сонымен қатар су өткізуге арналған темірбетон құбырлар ретке келтіріліп, жол белгілері орнатылды және жол таңбалары жаңартылды.

Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, осылайша аталған бағыттағы 72 шақырым жолды асфальттау жұмыстары толық аяқталды.

Жол инфрақұрылымының жаңартылуы елдімекендер арасындағы қатынасты жеңілдетіп қана қоймай, көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Өз тілшімізден

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

Тәжірибесін әлеммен бөліседі

Қазақстан мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын дамыту саласындағы тәжірибесін халықаралық деңгейде бөлісуге мүмкіндік алды. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдайтын Цифрлық қоғамдық игіліктер альянсының (Digital Public Goods Alliance) құрамына енді. Бұл туралы Парижде өткен халықаралық ұйымның жыл сайынғы жиынында жарияланды.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, жаңа серіктестік аясында Қазақстан ашық цифрлық технологияларды дамытуға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған жобаларға қатысады.

Негізгі басымдық үш бағытқа берілген. Атап айтқанда, Азия даму банкі және БҰҰ университетімен бірлесіп жасанды интеллект саласындағы зерттеулер жүргізу, отандық цифрлық әзірлемелерді халықаралық деңгейде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру және өзге мемлекеттермен тәжірибе алмасу көзделген.

Бұл жұмыстарды Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жүзеге асыруға атсалысады.

Бірінші вице-министр Ростислав Коняшкиннің айтуынша, халықаралық ынтымақтастық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, оларды азаматтар үшін барынша қарапайым әрі қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Жүлдегерге – құрмет, бапкерге – алғыс

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жапонияның Аичи-Нагоя қаласында Азия және Параазия ойындары өтті. Ұлттық құрама сапына Қарағанды облысынан 42 спортшы енді. Олар ел қоржынына 15 медаль салды. Осыған орай облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев халықаралық жарыста топ жарған спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Әрі бапкерлер құрамына да алғысын білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуде өңірдегі спорт инфрақұрылымын дамыту мәселесі де сөз болды. Ермағанбет Бөлекпаев өз сөзінде әмбебап спорт кластері жобасында ұзындығы 50 метр болатын әрі көрермендерге арналған трибуналары бар сегіз жолақты жүзу бассейнін салу жоспарда барын баса айтты. Ал, жаңа нысан бой көтерсе, параспортшыларға ғана емес, жүзумен айналысуға ниетті барша тұрғынға қолжетімді болмақ.

– Қарағанды облысы қашанда бай спорттық дәстүрімен және талай мықты спортшысымен мақтана алады. Сіздердің жетістіктеріңіз – жеке жеңістің ғана емес, өніріміз бен бүкіл еліміздің мерейін үстем еткен елеулі еңбектің нәтижесі. Сіздер жас ұрпаққа үлгі көрсетіп келесіздер. Біздің міндетіміз – дарынды спортшыларға қолдау білдіріп, олардың шеберлігін шыңдау. Жаңа белестерді бағындыруына қажетті жағдай жасау. Ал, сіздердің міндеттеріңіз – толайым табыстарға ұмтылып, жинаған тәжірибелеріңізді кейінгі буынға аманаттау, – деді облыс әкімі.



Азия ойындарында өңір атынан сынға түскен жерлестер төрт медаль жеңіп алған. Атап айтсақ, балуан Эльмира Сыздықова және жеңіл атлетші Аделина Земс, Кристина Овчинникова күміс жүлдеге ие болса, каноэде ескек есуден сынға түскен Аделина Чистякова қола медальға қол жеткізді. Айта кетейік, Эльмира Сыздықова осымен Азия ойындарына екінші мәрте қатысып отыр. Тәжірибелі балуан алдағы халықаралық жарыстарда әлі де бақ сынап, бұдан да жоғары нәтиже көрсетуге ниетті екенін жеткізді.

– Жүлдеге қол жеткізгеніме қуаныштымын. Дегенмен, жеңісті қолдан беріп алған сәтіме де өкінемін. Ендігі мақсатым – әлем чемпионатында сәтті өнер көрсетіп, медаль жеңіп алу. Және Олимпиада ойындарына жолдама иелену, – деді спортшы.

Ал, Параазия ойындарында өңір атынан 10 спортшы бақ сынаған. Олар пара жүзу, пара жеңіл атлетика және арбадағы теннистен сынға түсіп, бір алтын, бес күміс және екі қола медаль жеңіп алды. Пара жүзуден Диас Кенжебек 100 метрге шалқалай жүзуде қарсыластарынан озып, алтын медаль иеленіп, Азия рекордын да жаңартты. Әрі 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына жолдама еншілеген.

– Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Көрсеткен нәтижелеріме көңілім толады. Әсіресе, 100 метрге шалқалай жүзуден алтын медаль жеңіп алғаныма ерекше қуаныштымын. Бұл жарыс алдағы мүмкіндіктерге жол ашты. Әлем чемпионаты мен Паралимпиада ойындарына жолдама алдым. Ендігі кезекте сол жарыстарға тыңғылықты дайындалуым керек, – деді Диас Кенжебек.

Параазия ойындарында жүлде алған спортшылар қатарында Наталья Звягинцева, Роман Потапов және Дастан Мұқашбеков те бар. Кездесу барысында Наталья Звягинцеваның бапкері Наталья Манохина спортшыларға көрсетілген қолдау мен құрмет үшін облыс басшылығына алғысын білдірді.

– Спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбегіне лайықты баға беріп, құрмет көрсеткені үшін облыс басшылығына алғыс айтамын. Әрбір жеңістің артында маңдай тер мен қажыр-қайрат жатыр. Жас спортшыларға сабырлы, еңбекқор әрі табанды болуды тілеймін. Бір нәрсе ойдағыдай болмай қалса, мойымау керек. Жеңіс бірден келе қоймайды. Спортпен шұғылдану адамның өмірін мәнді де жарқын етіп қана қоймай, жаңа достар табуға, өзіңді жеңіп, мүмкіндігіңді кеңейтуге көмектеседі, – деді Наталья Манохина.

Кездесу соңында Азия және Параазия ойындарында жоғары нәтиже көрсеткен спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына арнайы сертификаттар табысталды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Адал еңбек табысты еселейді

Қарапайым еңбек адамының күнделікті тіршілігіне үңілсек, отбасының әл-ауқаты ең алдымен, тұрақты табысқа келіп тірелетіні хақ. Ай сайынғы жалақы – бір шаңырақтың азық-түлігі, баланың білімі, баспана мен тұрмыстық қажеттіліктің негізгі көзі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында да азаматтардың табысын арттыру, еңбек өнімділігін көтеру және өңірлерде жаңа өндірістерді дамыту мәселелеріне басымдық берілді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экономикалық көрсеткіштің артуы еңбек нарығына да ықпал етуде. Үкіметтің ресми сайтында жарияланған деректерге үңілсек, биылдың тоғыз айында Қарағанды облысында тоғыз мыңнан астам жұмыс орны құрылған. Оның 94 пайызы – тұрақты жұмыс орындары. Ал, екінші тоқсанның қорытындысы бойынша облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрады.

Мұндағы назар аударатын көрсеткіш – тұрақты жұмыспен қамтудың үлесі. Өйткені, маусымдық немесе уақытша қызметпен салыстырғанда тұрақты еңбек қатынасы отбасына ұзақ мерзімді жоспар жасауға, несие міндеттемелерін өтеуге және күнделікті шығындарын реттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жұмыс орнының тұрақтылығы оның табыстылығы жоғары екенін білдірмейді. Бұл ретте еңбекақы мөлшері, еңбек жағдайы және қызметкердің кәсіби өсу мүмкіндігі де маңызды.

Жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына өңірдегі инвестициялық жобалар үлес қосуда. Соның бірі – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында іске қосылған Silumin of Qazaqstan зауыты. Қазан айында ашылған кәсіпорын алюминий және биметалл жылыту радиаторларын өндіреді. Жобаның бірінші кезеңінде 200 жұмыс орны ашылған. Зауыт жылына бес миллион радиатор секциясын шығаруға есептелген. Бұл бастама импортты алмастырумен қатар, жергілікті тұрғындарды өндірістік еңбекке тартуға бағытталған.

Саран индустриялық аймағында іске қосылған тас мақта зауыты да жұмыспен қамту тұрғысынан мәнді. Кәсіпорында жылына 1,2 миллион текше метрге дейін жылу оқшаулағыш материал шығару көзделген. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, өндірісте 186 тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланған. Бұған қоса, кәсіпорынға қызмет көрсететін ұйымдарда да жұмыспен қамту мүмкіндіктері қалыптаспақ.

Әрине, жаңа зауыттың ашылуы сол сәтте барлық әлеуметтік мәселені шешпейді. Мұнда қанша жергілікті тұрғын еңбекке қабылданатыны, олардың біліктілігі мен жалақысы қандай болатыны да маңызды.

Президент Жолдауында еңбек адамының табысын арттыруға қатысты нақты міндет қойылды. Мемлекет басшысы келер жылдан бастап, ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырды. Ресми болжам бойынша, бұл өзгеріс еліміздегі 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджет саласындағы 370 мыңнан астам қызметкердің табысына ықпал етпек.

Мұндай шешім ең төменгі мөлшерде еңбекақы алатын азаматтар үшін маңызды. Алайда, оның әр қызметкердің жалақысына бірдей әсер етпейтінін ескеру қажет. Ең бастысы, еңбекақының өсуі күнделікті тұтыну шығындарының артуымен салыстырғанда нақты нәтижеге жеткізуі тиіс.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың екінші тоқсанында Қарағанды облысындағы орташа айлық атаулы жалақы 470 390 теңгені құрады. Бұл былтырғы сәйкес кезеңнен 8,8 пайызға жоғары. Бірақ, орташа көрсеткіш өңірдегі әр қызметкердің дәл осындай жалақы алатынын білдірмейді. Өндіріс, білім, денсаулық сақтау және қызмет көрсету салаларындағы еңбекақы деңгейі әртүрлі.

Ал, облыстағы жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табыс 286 829 теңгеге жеткен. Бір жылдағы өсім 11,6 пайыз болғанымен, инфляцияны есепке алғандағы нақты өсім 2,2 пайызды ғана құрады. Бұл екі көрсеткіштің айырмасы отбасы әл-ауқатын бағалауда аса маңызды. Өйткені табыстың қағаз жүзінде көбеюі оның сатып алу қабілеті дәл сол мөлшерде арты деген сөз емес.

Халықтың табысын тұрақтандыруда жұмыспен қамтудың әлеуметтік бағдарламалары да өз орнын алады. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, биылғы тоғыз айда Қарағанды облысында 50 жастан асқан 1093 адам «Күміс жас» жобасы арқылы жұмысқа орналасқан. Бұл бастама еңбек нарығында жас ерекшелігіне байланысты қиындық көретін азаматтардың кәсіби тәжірибесін пайдалануға әрі отбасылық кірісін сақтауға мүмкіндік береді.

Әсіресе, табысы төмен отбасылар үшін жұмыспен қамту шараларының маңызы жоғары. Облыста мамыр айының басына дейін 572 отбасы, яғни, 2638 адам атаулы әлеуметтік көмек алған. Мемлекеттік қолдау олардың күнделікті қажеттілігін өтеуге бағытталған. Ал, еңбекке қабілетті азаматтарды тұрақты қызметке орналастыру отбасының өз табысын қалыптастыруына жағдай жасайды.

Өңірдегі еңбек нарығының болашағы алдағы инвестициялық бастамалармен де байланысты. 2032 жылға дейін жалпы, құны жеті триллион теңге болатын 186 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 36 мың жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бұл – әзірге алдағы кезеңнің межесі. Оның нақты нәтижесі жобалардың іске асуына және құрылатын жұмыс орындарының сапасына байланысты болмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Елге ел қосылса – құт

Ерікті қоныс аудару бағдарламасы елімізде бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді. 2026 жылы азаматтарды көшіру жұмыстары сол кезеңде қолданыста болған бұрынғы қағидалар негізінде жүргізілді. Ал, 2027 жылдан бастап жаңа №401 бұйрықпен бекітілген тәртіп күшіне енеді. Жаңа Қағидаларда өңіраралық және облысішілік ерікті қоныс аудару бағыттары қарастырылған. Жұмыс берушілердің қатысуымен қажетті еңбек ресурстарын тарту және азаматтарды жұмысқа орналастыру тетіктері көзделген.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста да осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. 2026 жылы өңірге өңіраралық ерікті қоныс аудару шеңберінде 37 адамды (10 отбасын) көшіру жоспарланған болатын. Алайда 16 қарашадағы жағдай бойынша облысқа нақты 56 адам (13 отбасы) қоныс аударды. Осылайша, жоспар 151 пайызға орындалып, белгіленген межеден 19 адамға артық көрсеткішке қол жеткізілді.

Қоныс аударушылар облыстың бірнеше елдімекеніне орналасты. Атап айтқанда, Нұра ауданына – 3 отбасы (18 адам), Абай ауданына – 1 отбасы (4 адам), Саран қаласына – 5 отбасы (19 адам), Балқаш қаласына – 1 отбасы (3 адам), Шахтинск қаласына – 2 отбасы (4 адам), Приозерск қаласына 8 адам қоныс аударды.

Бағдарламаның тиімділігін нақты мысалдан көруге болады. Мәселен, 2024 жылы Жамбыл облысының Қордай ауданынан жас отбасы Приозерск қаласына қоныс аударды. Отбасы мүшесі Руфат Мурадов жоғары білімді, дене шынықтыру педагогы және заңгер мамандықтарын меңгерген. 2024 жылдың қаңтар айынан «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында жаттықтырушы болып еңбек етіп келеді. Ал, жұбайы заманауи маникюр мамандығы бойынша сертификат алған.

Қоныс аудару бағдарламасының тағы бір қатысушысы – Ибрашев Мейірбек Нұрланбекұлы. Ол 2025 жылы Тараз қаласынан Саран қаласына көшіп келген. Мансап орталығының көмегімен Саран қалалық ауруханасына жұмысқа орналасып, әлеуметтік жағдайы ескеріліп, тұрғын үймен қамтамасыз етілген.

Бүгінде Мейірбек Ибрашев ауруханаға денсаулық сақтау орталығының меңгерушісі қызметін атқарады. Оның жетекшілігімен 9 дәрігер мен 11 мейіргер еңбек етеді. Ол бөлім жұмысын ұйымдастырып, медицина қызметкерлерінің қызметін үйлестіруге және көрсетілетін медициналық көмектің сапасын бақылауға жауапты.

– Тараздан Саранға көшерде алдымен, тұрақты жұмыс пен отбасымның әлеуметтік жағдайын ойладым. Мансап орталығының көмегімен жұмысқа орналасып, тұрғын үй мәселеміздің шешілуі біз үшін үлкен қолдау болды. Бүгінде өз қызметімді жауапкершілікпен атқарудамын. Осындай мүмкіндік жасаған Қарағанды облысының Еңбек мобильділігі орталығына алғысымды білдіремін. Оңтүстік өңірлердегі жұмыс іздеп жүрген жас отбасыларға осында келіп, еңбек етуді кеңес беремін, – дейді Мейірбек Ибрашев.

Бағдарлама аясында өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға да басымдық беріледі. Мәселен, 2026 жылы қоныс аудару бағдарламасы арқылы Приозерск қаласына келген Ілияс Дауей жұмыс іздеуші тұлға ретінде тіркелген. Жұмыссыз мәртебесін алғаннан кейін оны одан әрі жұмыспен қамту мақсатында «Приозерск қаласының ауруханасына» дәрігер-рентгенолог лауазымына жұмысқа орналасу үшін жолдама берілді.

Ерікті түрде қоныс аударушыларға бірқатар мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.

Атап айтқанда, отбасы басшысына және отбасының әрбір мүшесіне көшуге байланысты 70 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде біржолғы субсидия төленеді, тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындары 12 айға дейінгі мерзімге ай сайын өтеледі, тұрғын үй сатып алуға немесе ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаны төлеуге 1 625 АЕК мөлшерінде экономикалық мобильділік сертификаты беріледі.

Одан бөлек, қоныс аударуды ұйымдастыруға және азаматтарды жұмысқа орналастыруға қатысатын жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Әлеуметтік көмектің жаңа көкжиегі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол өлшемдерге сәйкес отбасылар бес санатқа бөлінеді. А санаты – әл-ауқаты жоғары, В – ауқатты, С – тұрмысы қанағаттанарлық, D – экономикалық тұрғыдан осал, Е – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылар. Ресми дерекке сүйенсек, жаңа талаптар ең алдымен А және В санаттарына қатысты. Ал, С, D және Е санатындағы азаматтар заңда көзделген талаптарды орындаса, тиісті қолдау алу құқығын сақтайды. Бірақ, санаттың өзі өзгермейтін таңба емес. Отбасының табысы азайса, бір мүшесі жұмысынан айырылса немесе басқа өмірлік жағдай туындаса, бағалау нәтижесі де жаңаруы мүмкін.

Әл-ауқатты бағалау шкаласында жан басына шаққандағы табыс үш күнкөріс минимумынан басталатын жоғары табыс өлшемі де бар. Десе де, бұл соманы барлық жәрдемақы үшін өзгермейтін жалғыз шек деп түсіну қате. Қорытындыға мүлік, қарыз, отбасы құрамы және ерекше қажеттіліктер сияқты бірнеше көрсеткіш әсер етеді. Тіпті, жалақысы бірдей екі отбасының санаты әртүрлі шығуы ықтимал. Ал, тіркелген мүлік пен шын мәніндегі тұрмыс бір-біріне сәйкес келмесе, оның ең осал тұсы да осы жерден көрінеді.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ұсынған түсіндірмеде деректердің әр ведомстводан жиналатыны айтылған. Әуелі азаматтық хал актілері мен жеке тұлғалар базасы арқылы отбасы құрамы анықталады. Одан кейін табыс, мүлік, кредит, білім алу, медициналық сақтандыру және басқа мәліметтер қосылады. Ақпараттың бір бөлігі онлайн жаңартылса, кейбірі белгіленген кестемен түседі. Соның негізінде әр отбасының әл-ауқат деңгейі ай сайын қайта есептеледі.


– Есептеу әдістемесіндегі бірқатар ерекшелік осы күдікті сейілтуге арналған. Мысалы, бюджеттен төленетін жәрдемақы, алимент, тұрғын үй көмегі, қайырымдылық қаражаты мен бала туғанда берілетін біржолғы төлем отбасының табысы ретінде саналмайды. Пайдаланылғанына жиырма жылдан асқан жеңіл автомобильдер мен ауыл шаруашылығы техникасының құны нөлге теңестіріледі. Апатты баспана есепке алынбайды, тозығы жеткен үйге төмендету өлшемі қолданылады.

Ал, бірнеше пәтері, қымбат көлігі немесе коммерциялық жылжымайтын мүлкі бар азаматтың жағдайы басқаша бағаланады. Ипотекалық қарыз бен ұзақ мерзімге кешіктірілген берешек, керісінше, отбасы бюджетіне түсетін жүктеме ретінде ескеріледі. Мүгедектігі бар немесе ауыр созылмалы аурумен есепте тұрған отбасы мүшелеріне қатысты төмендету коэффициенттері қарастырылған, – дейді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Нұркен Блялов.

Сондықтан, министрлік іске қосқан әлеуметтік әл-ауқатты бағалау калькуляторының қызметін дұрыс түсінген абзал. eGov.kz пен eGov Mobile арқылы қолжетімді құралда азамат алдымен өзін және бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін отбасы мүшелерін көрсетеді. Келесі кезеңде мүлік пен табыс туралы мәліметтерді тексереді. Соңында жүйе алдын ала бағалау нәтижесін ұсынады. Бұл түпкілікті шешім емес. Калькулятордағы санат жәрдемақыны автоматты түрде тоқтатпайды және оның нәтижесімен келіспеу төлемнен бас тарту болып саналмайды.

Өзгерістердің бәрі шектеу сипатында емес. Қараша айынан баланың туын тіркеу мен жәрдемақы тағайындауға өтініш беруді бір кешенді қызмет арқылы рәсімдеу тәртібі қарастырылды. Құжат толық болмаса немесе қате болып табылса, оны екі жұмыс күні ішінде түзетуге мүмкіндік беріліп, бастапқы өтініш күні сақталады.

2027 жылғы 1 қаңтардан Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала күтіміне байланысты төленетін әлеуметтік төлемді алу тәртібінде де жаңалық бар. Бала бір жарым жасқа толғанша анасы жұмысқа ерте шықса, төлем сол себеппен тоқтатылмайды. Төлем алу құқығы анаға бекітіледі, ол қайтыс болған жағдайда заңды өкілге өтеді. Бұл барлық бала жәрдемақысына ортақ ереже емес, әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін нақты төлемге қатысты норма.



Есесіне, жұмысынан айырылған азаматтарға берілетін әлеуметтік төлем мерзімінің қысқаруы қоғамдық пікірталасты күшейтті. Қолданыстағы тәртіпте міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне қарай төлем бір айдан алты айға дейін тағайындалса, 1 қаңтардан ол үш ай болмақ. Төлем бұрынғыша соңғы жиырма төрт айдағы орташа сақтандырылған табыстың 45 пайызына негізделеді, ал, есептеуге алынатын табыс жеті ең төменгі жалақыдан аспайды.

Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Анар Құрманәлина бастаманың екі жақты салдары болуы мүмкін екенін айтады.

– Кредитті көбіне тұрмысы төмен, әлеуметтік осал топтағы азаматтар мәжбүрліктен алатынын ұмытпау керек. Қағаз жүзіндегі теория мен тәжірибе мүлде басқаша нәтиже беруі мүмкін. Заң қабылданар алдында халықтың шынайы жағдайы мен оның экономикаға тигізетін ұзақ мерзімді әсерін жан-жақты таразылау маңызды, – деді Анар Құрманәлина.

Жеті баланың анасы, «Алтын алқа» иегері Тұмарай Айтуғанова мұндай жаңалықты алаңсыз қабылдай алмайтынын айтады.

– Жолдасымның табысы күнделікті қажеттіліктен артылмайды. Егер көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы да қайта қаралып, қысқаратын немесе тоқтатылатын болса, жағдай қиын. Әр отбасының жағдайы әртүрлі. Сондықтан, шешім қабылдарда отбасы мүшелерінің санын, бала санын, нақты тұрмыс жағдайын ескерсе екен деймін, – деді Тұмарай Айтуғанова.

Бұл пікірді жаңа тәртіпке түбегейлі қарсылық деп қабылдау артық. Ананың қарапайым тілегі. Отбасының әл-ауқатын бағалағанда жалғыз жалақының көлеміне ғана қарап үкім шығармау. Демек, әлеуметтік саясаттағы басты сұрақ – ақшаның қанша түскені ғана емес, сол қаражат қанша адамның қажетіне жұмсалатыны.

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, профессор Бану Абдрашева мәселеге тағы бір қырынан қарайды. Ол әлеуметтік қолдауды демографиялық саясаттан бөліп қарауға болмайтынын айтады. Ғалымның пікірінше, Қазақстан халқы өткен ғасырдағы ашаршылық, қуғын-сүргін мен соғыс салдарынан ауыр демографиялық шығынға ұшыраған. Сондықтан, көпбалалы отбасыларға берілетін көмектің мәні бүгінгі кіріс-шығыс теңгерімімен өлшенбеуі тиіс. Баланы өсірудің ұзақ мерзімді маңызын да ескеру қажет.

Рас, атаулы әлеуметтік қолдау мен демографиялық ынталандырудың мақсаты әртүрлі. Біріншісі – шектеулі қаражатты мұқтажға жеткізу, екіншісі – бала тәрбиесін қоғамдық құндылық ретінде қолдау. Бұл екеуі міндетті түрде бір-біріне қарсы емес, бірақ ара жігі заңда және халыққа берілетін түсіндірмеде айқын болуы керек.

Бану Абдрашева мүгедектігі бар адамдарды қолдау мәселесіне де назар аударады. Оның айтуынша, әлеуметтік саясат төлем берумен ғана шектелмеуге тиіс.

Оның сөзіндегі тағы бір маңызды түйін – масылдықпен күресудің өзін әділетті жүргізу. Шынымен мүмкіндігі бола тұра еңбек етпейтін азаматқа қатысты талап пен объективті себеппен жұмыс істей алмайтын отбасының жағдайы бірдей емес. Бұларды ажыратпай, бәріне бір өлшем қолдану қоғамда сенімсіздік туғызады. Ғалым қазақтың асар, жылу жинау, енші беру дәстүрлерін еске алып, мұқтажды қолдаудың түбінде міндетсіну емес, жауапкершілік жатқанын атап өтеді. Бүгін бұл ұстаным тек игі тілек болып қалмай, нақты мемлекеттік механизмнен көрінуге тиіс.

Министрлік 11 қаңтарда басталатын пилоттық жобаның нәтижесінде ұсыныстар әзірленетінін мәлімдеді. Жұмысты үйлестіру үшін арнайы жобалық офис құрылған, оған мемлекеттік органдармен қатар сарапшыларды тарту көзделген. Бұл жерде сынақтың маңызды шарты – есептің ашықтығы. Қанша отбасының мәртебесі өзгерді? Қаншасы қайта қарауды сұрады? Қанша қате дерек түзетілді? Шынымен мұқтаж азаматтар көмектен қағылды ма, әлде қолдау соларға көбірек жетті ме? Осындай сұрақтарға жауап берілмесе, цифрлық жүйенің тиімділігін тек оны енгізу фактісімен дәлелдеу қиын.

Көпбалалы ананың «әр отбасының жағдайы әртүрлі» деген сөзі реформаның түпкі талабындай естіледі. Кімнің мұқтаж екенін компьютер анықтауы мүмкін. Бірақ, сол шешімнің әділеттілігіне жауап беретін – бәрібір адам мен мемлекет.

Балалыққа барымта жасалмайды

Бір ауыз сөз адамның көңілін қалдырады. Ал, сол сөз әлеуметтік желіде көптің талқысына түсіп, келемежге айналса, зілі еселене түспек. Әсіресе, оң-солын енді танып, бұғанасын енді бекітіп келе жатқан жасөспірім үшін мұндай соққының салмағы ауыр. Бүгінде баланың мектеп қабырғасындағы қарым-қатынасы соңғы қоңыраумен үзілмейді. Оның жалғасы қалтадағы смартфонда, желідегі пікір мен жеке хат-хабарда өрістеп жатыр. Бірі сол кеңістіктен білім ізденіп, өрісін кеңейтсе, енді бірі көптің қошеметіне бөленемін деп виртуалды әлемнің иіріміне жұтылады.

Осы тұста қоғам алдында күрмеуі қиын сауал тұр. Баланы цифрлық қатерден арашалау үшін әлеуметтік желінің есігін тарс жабу жеткілікті ме, әлде қауіптің түп-тамырын ауыздықтайтын пәрменді тетік қажет пе? Құрылтайда бірінші оқылымда мақұлданған, 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіде тіркелуін шектейтін заң жобасы дәл осы мәселені күн тәртібіне шығарды. Бастаманың көздегені айқын. Дегенмен оның өміршеңдігі, баланың заңды құқықтарымен арасалмағы және ертеңгі ықтимал салдары байыппен байырқалауды талап етеді.



Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шектеудің шегі қайда?

Мәселенің заң шығарушы билік деңгейінде көтерілуі тегін емес. Күні кеше Құрылтай онлайн-платформалар мен масс-медиаға қатысты заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев таныстырған түзетулерде 16 жасқа толмаған жеткіншектердің әлеуметтік желілерге тіркелуін шектеу, ал, қолданушылардың жасын сүзгіден өткізуді платформалардың өзіне міндеттеу көзделген. Ата-анамен, ұстазбен байланыс орнатуға арналған мессенджерлер бұл шектеуден тыс қалмақ. Сонымен қатар, заңға қайшы контентті өшіру талабын елемеген онлайн-платформалардың жауапкершілігін қатайту ұсынылып отыр.

Цифр сөйлесе...

Қауіптің ауқымын бағамдау үшін халықаралық зерттеулерге зер салсақ, ойланарлық деректер баршылық. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының PISA-2025 зерттеуіне сәйкес, еліміздегі 15 жастағы білім алушылардың 9 пайызы айына бірнеше рет немесе одан да жиі буллингтің кемінде бір түріне ұшыраған. Ал, 2 пайызы өзі туралы ренжітетін ақпараттың келісімінсіз желіде жүйелі жарияланғанын жеткізген. Соңғы көрсеткіш кибербуллингтің барлық қырын қамтымаса да, экранның ар жағындағы қысымның нақты нобайын аңғартады.

Мәселенің құқықтық салмағы да жеңіл емес. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, былтыр балаларға қатысты буллинг пен кибербуллинг деректері бойынша 272 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Десек те, ведомство буллингтің жекелеген түрлері бойынша дербес статистика жүргізілмейтінін хабарлады. Сонда әлеуметтік желідегі қысымның нақты үлесін қалай ажыратамыз? Қатердің көлемін дәл өлшемей тұрып, оған қарсы қабылданатын шараның тиімділігін бағалау да оңай емес.

Аймақта да алдын алу жұмыстары жүргізіліп келеді. Биыл сәуірде ұйымдастырылған «Заң мен тәртіп» құқықтық марафоны 400-ден астам мектеп пен 50-ден астам колледжді қамтып, 200 мыңға жуық оқушыға жетті. Онда киберқауіпсіздік, интернет-алаяқтық пен буллингтің алдын алу тетіктері кеңінен түсіндірілді.

Баланың сырын кім тыңдап, мұңын кім бөлісіп жүр? Мәселенің осы нәзік қырын психолог Әсем Айтбайқызының тәжірибесінен айқын аңғаруға болады.

– Қазір балалар бір-бірімен білімімен емес, оқырман санымен, бейнежазбасының қаралымы мен жинаған лүпілімен жарысатын болды. Өзіндік болмысы енді қалыптасып келе жатқан жасөспірім үшін бұл қауіпті. Өзгенің өміріне еліктеп, соған ұқсауға тырысқан бала кейде өзінің кім екенін, нені қалайтынын ұмытып қалады. Жалған танымалдылыққа ұмтылудың да, өзгені кемсітудің де астарында осындай психологиялық түйткілдер жатыр, – дейді маман.

Психолог тәжірибесіндегі бір оқиға осы пайымның салмағын дәлелдей түседі. Жуырда оған 16 жастағы қыздың анасы көмек сұрап жүгінген. Құрбысының басынан өткен ауыр жағдайдан кейін терең күйзеліске түскен жасөспірім жан сырын жақындарына емес, желідегі бейтаныс адамға ақтарып жүрген. Жұмыстан қолы тимеген ана қызының ішкі күйзелісін дер кезінде байқамаған. Оған мектептегі қатарластарының арасындағы бәсекелестік қосылған.

– Бала ата-анасы түсінбейді деп түйген соң демеуді сырттан іздейді. Ал, виртуалды кеңістіктегі бейтаныстың қандай пиғылмен сөйлесіп отырғанын қайдан білсін? Мұндайда баланы кінәлаудан бұрын, оның неге жақындарына сыр аша алмай қалғанын ұғынуымыз керек. Жүйелі жұмыстан кейін қыз анасымен ашық сөйлесе бастады. Ең басты өзгеріс те осы болды, – дейді Әсем Айтбайқызы.

Маман әлеуметтік желіні заңмен шектеудің белгілі бір септігі барын жоққа шығармайды. Әйтсе де, жалаң тыйым жасөспірімдерді жасырын аккаунттар ашуға итермелеуі мүмкін екенін ескертеді. Оның пайымынша, шектеумен қатар отбасындағы сенімді байланысты нығайту шарт.

Назардың нарқы

Таяқтың екінші ұшы да бар. Бала желіден жұбаныш пен қызығушылық іздегенімен, сол кеңістіктің өзіне тән қатал заңдылығы бар. Мұнда адамның назары – табыс көзі, ал, экран алдында өткен әр минут коммерциялық құндылыққа айналған. Блогер Айдос Аринов әлеуметтік желілердің тетігін осы қырынан тарқатады.

– Әлеуметтік желілер мен блогерлердің жұмыс жүйесі кездейсоқтыққа емес, адам психологиясының осал тұстарын дәл көздейтін математикалық алгоритмдер мен маркетингтік схемаларға құрылған. Мұны «назар нарқы» деп атайды. Бір тақырыпқа ынтықсаңыз болды, алгоритм сізді соның тұтқынына айналдырып, шынайы өмірден алыстата береді. Желідегі жылтыраққа алданбау керек. Мұндағы басты тауар – контент емес, сіздің экранға телмірген уақытыңыз, – дейді Айдос Аринов.

Расында, желідегі көріністің бәрін өмірдің шынайы өлшемі деуге келмейді. Қымбат көлік, сәнді баспана, мінсіз келбет пен көл-көсір табыстың артында көбіне мұқият өңделген бейне не жарнамалық есеп тұрады. Мұндай мазмұнды сыни сүзгіден өткізіп үлгермеген жасөспірім өз тұрмысын өзгенің жылтырақ тіршілігімен салыстырып, өзін кем сезінуі ықтимал. Блогердің айтуынша, аудитория сеніміне кіріп, эмоциялық әсер туғызу арқылы оны саудаға ұластыру – цифрлық маркетингтің үйреншікті тәсілі. Әрине, мұның бәрін алаяқтыққа балауға болмас. Алайда, жарнама мен манипуляцияның аражігін ажырату барған сайын күрделеніп барады.

Баланы цифрлық қатерден қорғаудың құқықтық жауапкершілігі де оңай жүк емес. Қазақстан 1994 жылы ратификациялаған БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы мемлекетке қос міндет жүктейді. Бірі – жасөспірімді зорлық-зомбылық пен зиянды ақпараттан қорғау, екіншісі – оның ақпарат алу, пікір білдіру және жеке өмірінің құпиялылығын сақтау құқығын қамтамасыз ету. Демек, қауіпсіздік пен еркіндік бірін-бірі жоққа шығаратын ұғымдар емес, мәселе осы екеуінің алтын аралығын табуда.

Бұл түйткіл халықаралық мінберде де қозғалды. Биыл қыркүйекте БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті Қазақстанның кезекті ұлттық баяндамасын қарау кезінде 16 жасқа дейінгі шектеу бастамасына арнайы тоқталды. Комитет сарапшысы Бенуа Ван Кейрсбилк бұл шараның баланың ақпарат алу құқығымен қалай үйлесетінін және жасты тексеру қандай жолмен іске асатынын сұрады. Қазақстан делегациясы бастаманың кибербуллинг пен манипуляция қаупін сейілтуге бағытталғанын алға тартты.

Осы орайда тағы бір өзекті сұрақ бар. Баланың жасын растау үшін дербес мәліметтер жиналса, сол деректердің қауіпсіздігіне кім кепіл? Қолданыстағы Конституцияның 21-бабы дербес деректерді заңсыз пайдаланудан қорғауды, 23-бабы ақпарат алу және тарату еркіндігін бекітеді. Ал, БҰҰ комитетінің цифрлық ортаға арналған №25 жалпы түсіндірмесі кез келген шектеудің заңды, қажетті әрі мөлшерлес болуын талап етеді. Ендеше, баланы қорғауға бағытталған норма оның жеке өміріне шамадан тыс килігуге немесе пайдалы білім көзінен қағылуына соқтырмауға тиіс.

Әлемдік тәжірибе не дейді?

Бұл ретте Аустралияның қадамы назар аудартады. 2025 жылғы желтоқсаннан бастап 16 жасқа толмаған балалардың белгілі әлеуметтік желілерде аккаунт ұстауына тыйым салынды. Арада үш ай өткенде цифрлық қауіпсіздік жөніндегі eSafety мекемесі алғашқы зерттеу нәтижесін жариялады. Есепке сәйкес, желіде аккаунты бар жасөспірімдер үлесі 52,4 пайыздан 42,1 пайызға түскен. Алайда, желіні аккаунтпен не онсыз қолданатындар қатары 85,9 пайыздан небәрі 81,5 пайызға ғана азайған.

Демек, тіркелуді шектеу мен желідегі белсенділікті тежеу екі бөлек нәтиже береді. Зерттеу балалардың басым бөлігі бұрынғы парақшасын сақтап қалғанын көрсетті. Оған жасөспірімдердің айлакерлігі ғана емес, платформалардың жас сүзгісін толыққанды іске қоса алмауы да себеп болған.

Заң қажет. Бірақ, оның шынайы пәрмені қанша аккаунттың бұғатталғанымен ғана өлшенбеуге тиіс. Қанша бала кибербуллингтен арашаланды? Қаншасы дер кезінде психологиялық демеу тапты? Зиянды контенттің өрісі қаншалықты тарылды және жасөспірімнің жеке дерегі мен ақпарат алу құқығы сақталды ма? Негізгі таразы – осы болмақ.

Жырға ғашық жүректердің лүпілі



Әлімхан Ермеков атындағы №103 мектепте «Тұлпар мініп, ту алған!» батырлар жырын оқу байқауының І кезеңі өтті. Бұл байқауды облыс әкімдігінің қолдауымен, Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы екінші жыл қатарынан ұйымдастырып отыр. Байқауда мектеп оқушыларынан Сүлеймен Жаңбыршин нұсқасындағы «Алпамыс батыр» жырын жатқа оқу талап етілді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаева байқауға қатысушылардың саны артып келе жатқанын атап өтті.

– Мектеп оқушыларының қызығушылығы өте жоғары. Бұл әлбетте қуанарлық жағдай. Мәселен, былтыр 4 мыңнан астам оқушы қатысқан. Бұл көрсеткіш те төбемізді көкке жеткізген. Биыл 6 мыңнан асып жығылды. Оларды дайындайтын ұстаздардың саны 2 мыңнан асады. Биылғы байқауға қатысушылардың деңгейі жоғары. 1454 жолдан тұратын 40 беттік «Алпамыс батыр» жырын толығымен жаттап алған. Жырды образға еніп оқу да талап етіледі. Сахналық киімдеріне де мән беріп отырмыз. Байқаудың мұраты – қазақ халқының рухани қазынасын өскелең ұрпаққа жеткізу, жастар арасында халық ауыз әдебиеті мен фольклорды насихаттау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, патриоттық сезімді арттыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту. Бұрын ата-бабаларымыз ұрпағын осы эпостық жырлармен тәрбиелеген. Эпостық жырлардан нәр алған ұрпақ елдік мұрат жолында аянған жоқ. Білекті де болды, жүректі де болды. Зияткерлігі де әлемнің озат ұлттарынан еш кем түскен жоқ. Эпостық жырларда адамның еңсесін тіктейтін, көзіндегі отты жағатын ерекше қуат бар. Бұл байқау өз жемісін беретініне кәміл сенеміз, – деді Алма Шалабаева.

Байқау Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтардың мемлекетшілдік санасын нығайту және кітап оқу мәдениетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында да ұйымдастырылатынын атап өткен жөн.

Байқауда №19 мектептің 8-сынып оқушысы Аделя Серік І орын алды. Жетекшісі – Жангелді Кенжебайұлы. Жеңімпаз жырды толық жаттаған.

– Кітап оқығанды жақсы көремін. Соның ішінде эпостық жырларға деген ықыласым ерекше. Ұстазым бұл қызығушылығымды байқаса керек, тыңғылықты дайындыққа кірістік. «Алпамыс батыр» жырын жаттау аса қиынға соқпады. Ұнаған шығарма жадыға бірден бекиді екен. Осы байқауға жеңіске жетемін деген зор сеніммен келдім. Достарымның да қызығушылығы өте зор. Батырлық жырларды сүйіп оқитын орта қалыптасты. Бұл орта қосымша жігер береді. Арамызда жағымды бәсекелестік бар. Бірімізден біріміз асып түскіміз келеді. Жырларды жаттап жүргенімді ата-анам мен туған-туыстарым мақтан тұтады. Жырды байқау үшін емес, өзім үшін жаттау керек екенін және оның көл-көсір пайдасы барын ұстазым көкейіме тоқыды. Әріқарай да ұстазымның жетекшілігімен басқа эпостық жырларды жаттаймын деген жоспар бар. Жырлардың тізімін жасап та қойдым. Уақыт өткен сайын осы қырымды күшейте беруге ниеттімін, – деді І орын иегері.

ІІ орын Ұлбақыт Алтынбек пен Алуа Анарбаеваға бұйырды. Ал, ІІІ орын Бек Ахметов пен Аяла Қанаттың және Айдос Жомартбековтың еншісінде. І орынға 150 мың, ІІ орынға 100 мың, ІІІ орынға 70 мың теңгеден берілді.

Қалалық кезеңде жүлде алғандар Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өтетін облыстық, яғни, ақтық кезеңге қатысады.

Сурет автордан

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Білім мен тәжірибе тоғысты

Бала бойына білім нәрін сіңіру – ұстаздың ұлы мұраты. Ал, сол білімді күнделікті өмірде орнымен қолдана білуге баулу – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда №65 жалпы білім беретін мектепте «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдары» тақырыбында тәжірибе алмасу семинары ұйымдастырылды.



Сурет ЖИ

Тағылымды басқосу бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін шыңдауға, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді ортаға салуға және білім сапасын арттырудың тың мүмкіндіктерін қарастыруға арналды.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – оқушының мектеп қабырғасында меңгерген білімін өмірлік тәжірибемен ұштастыра білуі. Мәселен, математикалық есепті шығару бір бөлек, ал, сол есептің шешімін күнделікті тұрмыста қолдану – білімнің шынайы нәтижесі. Сол секілді мәтінді мәнерлеп оқу ғана емес, оның мазмұнын түсініп, негізгі ойын ажырату, өзіндік пікір қалыптастыру да баланың таным-көкжиегін кеңейтеді.

Сондықтан, бастауыш сынып мұғалімінің міндеті әріп танытып, есеп үйретумен шектелмейді. Баланың білуге деген құштарлығын оятып, ізденуіне, салыстыруына, өздігінен қорытынды жасауына жағдай туғызу да аса маңызды. Әр сабақ оқушыны ойлануға жетелеп, алған білімінің өмірдегі қажеттілігін ұғындыруы тиіс.

Семинар барысында осы мәселелер жан-жақты қарастырылды. Әріптестеріміз оқу үдерісінде қолданылатын тиімді әдістерді ұсынып, өз тәжірибелеріндегі ұтымды тәсілдермен бөлісті. Әсіресе, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға басымдық беріліп, түрлі пәндер аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мүмкіндіктері көрсетілді.

Педагогтер арасындағы өзара пікір алмасу да мазмұнды өтті. Қатысушылар сабақ барысында кездесетін мәселелерді талқылап, оқушы белсенділігін арттыру, пәнге қызығушылығын ояту және білімді саналы меңгерту жолдары жөнінде ой бөлісті. Мұндай кәсіби басқосулардың құндылығы да осында. Әр ұстаздың жинақтаған тәжірибесі өзге әріптесіне жаңа идея ұсынып, күнделікті жұмысына өзгеше көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Ұстаздық жолда үздіксіз ізденудің маңызы зор. Себебі, уақыт өзгерген сайын бала танымы, қызығушылығы мен білімді қабылдау ерекшелігі де жаңарып отырады. Сондықтан, мұғалім де заман талабына бейімделіп, өз әдістемесін жетілдіріп отыруы қажет. Бүгінгі ұстаз шәкіртке дайын білім беруші ғана емес, оның танымдық ізденісіне бағыт-бағдар көрсететін тәлімгер болса керек.

Салтанат НҰРБЕКОВА,
№65 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Ұстаз еңбегінің өлшемі не?

Ұстаздың кәсіби біліктілігі тек тест нәтижесімен өлшенбейді. Оның күнделікті еңбегі, оқушысының жетістігі, жинақтаған тәжірибесі мен әріптестерінің дамуына қосқан үлесі де ескеріледі. Осы ұстанымға негізделген педагогтерді аттестаттаудың жаңа жүйесі елімізде пилоттық режимде жүзеге асырылуда. Жаңа тәртіп бойынша білімін бағалау тесті мен эссе жазу кезеңдері алынып тасталып, педагогтің кәсіби қызметін нақты дәлелдер арқылы бағалауға басымдық берілген. Балабақша тәрбиешісі, мектеп мұғалімі, колледж оқытушысы мен қосымша білім беру педагогіне қойылатын талаптар да сараланған.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пилоттық жоба 2026 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады. Осы төрт ай ішінде педагогтер қажетті құжаттарын «Ұстаз» ұлттық платформасына жүктеп, аттестаттау комиссиялары ұсынылған портфолионы бағалап, тиісті шешім шығаруы тиіс. Өтініш қабылдау мерзімі 15 желтоқсанға дейін белгіленген. Жаңа жүйе педагогтерді «педагог-модератор» санатынан «педагог-шебер» санатына дейін аттестаттауды қамтиды.

– Аттестаттау жүйесі түсінікті, ашық әрі әділ критерийлерге негізделуі керек. Педагогтің кәсіби дамуы оқушылардың білім сапасы мен қалыптастыратын дағдыларына тікелей әсер етеді. Пилоттық жоба осы рәсімді оңтайландыру және жетілдіру мақсатында әзірленді. Педагогтер белгіленген критерийлерге сәйкес құжаттарын цифрлық «Ұстаз» платформасына жүктейді. Өтініш қабылдау 15 желтоқсанға дейін жалғасады, ал, аттестаттау комиссияларының жұмысы 31 желтоқсанға дейін аяқталуы тиіс. Келесі жылдың 1 қаңтарына дейін барлық шешім шығарылып, цифрлық форматта рәсімделеді. Педагогке нәтиже туралы хабарлама электронды поштасына жолданады. Платформаның тағы бір тиімділігі – оның Ұлттық тестілеу орталығының және басқа да ұлттық деректер базаларымен біріктірілуі. Соның арқасында тестілеу сертификаттары, біліктілікті арттыру туралы мәліметтер, педагогтің жұмыс орны мен лауазымына қатысты ақпараттар цифрлық профиліне автоматты түрде түседі, – деді «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының директоры Мейрамгүл Жетпісбаева.

Жаңа жүйедегі негізгі өзгерістің бірі – педагогтің білімін бағалау тесті мен эссе жазу кезеңдерінің алынып тасталуы. Енді маманның кәсіби қызметі цифрлық портфолиосы мен нақты жетістіктері негізінде бағаланады. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – біліктілік бағалау. Бұл кезеңде білім беру ұйымы педагогтің цифрлық профиліндегі құжаттардың толықтығын және біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін тексереді. Екіншісі – қызмет нәтижелерін кешенді аналитикалық жинақтау. Мұнда аттестаттау комиссиясы педагогтің жұмысы мен жетістіктерін мәлімдеген санатына қойылатын талаптармен салыстырады. Пилоттық жоба аясында педагогтің цифрлық профилі және тәуелсіз сарапшы ұғымдары енгізілген. Цифрлық профиль – бағалау критерийлеріне сәйкес педагогтің платформасында жинақталған электронды құжаттар жиынтығы. Тәуелсіз сарапшы онлайн сабақтарды бақылап, «Білім беру сапасын қамтамасыз ету» критерийі бойынша сабақтың бақылау парағын толтырады. Мұндай сарапшылардың тізімін облыстың білім басқармасы жасақтап, білім бөлімдеріне жолдаған.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы директорының орынбасары Марина Кушнир пилоттық жобаға қатысатын педагогтердің санаттары мен жаңа бағалау тәртібіне тоқталды. Оның түсіндіруінше, жобаға 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін біліктілік санатын алу үшін білімін бағалау тестін бірінші рет тапсырғанымен, қажетті шекті балды жинай алмаған педагогтер қатыса алады.

– Пилоттық жоба педагогтің қызметін бағалауда жаңа тәсіл қалыптастырады. Бұрынғы жүйеде тестілеу мен эссе жазу негізгі кезеңдердің бірі болса, енді педагогтің кәсіби цифрлық профилі мен нақты жетістіктері қаралады. Аттестаттаудың бұрыннан қалыптасқан кейбір талаптары сақталды. Мәселен, біліктілік санаты педагогтің атқарып отырған лауазымы бойынша беріледі немесе расталады. Егер дипломында бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқытса, санат негізгі лауазымы бойынша белгіленеді. Жоғары және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярланбайтын пәндер мен курстарды оқытқан жағдайда, бұрын алған санаты сақталады. Педагог бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысса, әдістемелік сүйемелдеу ұйымына барса, қосымша жұмыс атқарса немесе қызметіне сәйкес басқа лауазымға тағайындалса, қолданыстағы санатының мерзімі аяқталғанға дейін сақталады. Комиссия педагогтің мәлімдеген санатқа сәйкес немесе сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды. Егер талапқа сай болмаса, қолданыстағы санатын сақтау немесе төмен санат беру мәселесі қаралады. Мерзімінен бұрын аттестаттауда мәлімделген санатқа сәйкес келмеген жағдайда, қолданыстағы санат мерзімі аяқталғанға дейін сақталады, – деді Марина Кушнир.

Педагогтің цифрлық профилін бағалау бірнеше негізгі критерийге негізделген. Олардың қатарында білім беру сапасын қамтамасыз ету, оқушылар мен педагогтердің олимпиадалар мен конкурстардағы жетістіктері, кәсіби тәжірибені жинақтау және тарату, біліктілікті арттыру, педагогтерге кәсіби қолдау көрсету және тәрбие жұмысын ұйымдастыру бар. Аралық аттестаттау кезеңде оқушының конкурс немесе олимпиадаға кемінде бір рет қатысуы, педагогтің кәсіби байқауларға кемінде екі рет қатысуы ескеріледі. Кәсіби тәжірибені жинақтау мен тарату критерийі де өзгерген. Бұған дейін бес көрсеткіш талап етіліп, оның ішінде, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу, педагог-шеберлер үшін авторлық бағдарлама дайындау және оны тәжірибеде қолдану арқылы тарату қарастырылған. Пилоттық жобада бұл талаптар алынып тасталған. Оның орнына педагог-зерттеуші мен педагог-шебер үшін оқулық немесе үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеуге қатысу не белгілі бір үздіксіз еңбек өтілінің болуы ескеріледі.

> **Бұрынғы жүйеде тестілеу мен эссе жазу негізгі кезеңдердің бірі болса, енді педагогтің кәсіби цифрлық профилі мен нақты жетістіктері қаралады. Аттестаттаудың бұрыннан қалыптасқан кейбір талаптары сақталды. Мәселен, біліктілік санаты педагогтің атқарып отырған лауазымы бойынша беріледі немесе расталады. Егер дипломында бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқытса, санат негізгі лауазымы бойынша белгіленеді. Жоғары және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярланбайтын пәндер мен курстарды оқытқан жағдайда, бұрын алған санаты сақталады.**

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру да жеке критерий ретінде енгізілген. «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының, оның ішінде, «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар бағаланады. Бұл бағыттағы көрсеткішті растау үшін бақылаушы толтырған іс-шараның бақылау парағы қажет. Бақылаушы ретінде білім беру ұйымының басшысы, оның орынбасары немесе әріптесі қатыса алады.

– Пилоттық жобаның басты жаңашылдығының бірі – педагогтің білімін бағалау тестін тапсырудың талап етілмеуі. Екінші маңызды өзгеріс – сабақтарға тәуелсіз онлайн-бақылаудың енгізілуі. «Педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санаттары үшін мектеп әкімшілігінің офлайн бақылау парақтарымен қатар тәуелсіз сарапшылардың онлайн бақылауы міндетті. Ол сабақтың тікелей трансляциясы немесе толық бейнежазбасы арқылы жүргізіледі. Бағалау кезінде толық сәйкестік қағидасы қолданылады. Бір бағыттағы талаптар орындалмаса, оған ішінара балл берілмейді, толық нөл қойылады. Талаптардың бірі орындалмай, екіншісі орындалған жағдайда да педагог аттестаттаудан өте алмайды. Академиялық адалдықты бұзу немесе жалған мәлімет жүктеу анықталса, педагог бес жылға аттестаттаудан шеттетіледі. Әр білім беру ұйымының жұмыс ерекшелігіне қарай критерийлер де әртүрлі. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды тәрбие үдерісіне тарту маңызды болса, мектептерде олимпиада мен байқауларға қатысу көрсеткіштері ескеріледі, – деді оқу-әдістемелік орталықтың білім беру мазмұнын талдау және стратегиялық даму бөлімінің әдіскері Ботакөз Шамарова.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында, яғни, мектептерде конкурс пен олимпиадаларға қатысты нақты сандық талаптар белгіленген. Педагог аттестаттау кезеңінде кәсіби байқауларға кемінде екі рет қатысқанын растауы және кемінде бір оқушыны олимпиадаға немесе тиісті деңгейдегі байқауға дайындауы қажет. Сабақты бақылау парақтарының саны да санатқа қарай өзгереді.

Колледждерде, яғни, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, WorldSkills қозғалысына қатысу ескеріледі. Мұнда педагогтің сарапшылық қоғамдастықтағы қызметі, төрелік етуі, қазылар алқасына қатысуы және чемпионатқа қатысушыларды дайындауы назарға алынады. Өндірістен келген өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары үшін аттестаттаудан тыс санат беру мүмкіндігі қарастырылған. Атап айтқанда, өндірістік өтілі бес жылдан басталған мамандарға «педагог-модератор», он жылдан басталған мамандарға «педагог-сарапшы» санаты беріледі.

Арнайы педагогтер, педагог-психологтар және педагог-ассистенттер үшін де жеке бағалау ерекшеліктері белгіленген. Педагог-ассистенттерде кәсіби байқауларға қатысу мен тәрбие іс-шараларын өткізу бағаланбайды. Олардың жұмысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеуге арналған бақылау парақтары мен біліктілікті арттыруға басымдық беріледі. Педагог-психологтар үшін оқушыларды байқауларға дайындау көрсеткішінің орнына профилактикалық жұмыстың тиімділігі қарастырылады. Атап айтқанда, буллинг пен аутодеструктивті мінез-құлық тәуекелдерін төмендету, ата-аналарды психологиялық сүйемелдеумен қамту бағаланады. Бұл көрсеткіш модератор санаты үшін кемінде – 40 пайыз, шебер санаты үшін 70 пайызға дейін белгіленген.

Оқу-әдістемелік орталығының білім беру мазмұнын талдау және стратегиялық даму бөлімінің басшысы Айгүл Мұхамедьярова бағалау талаптарының практикалық қолданылуына тоқталып, әсіресе мектепке дейінгі ұйымдар мен қосымша білім беру мекемелерінің ерекшеліктерін атап өтті.

– Әр білім беру ұйымына арналған жеке критерийлер қарастырылған. Мысалы, мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарды тәрбие-білім беру үдерісіне тарту маңызды. Тәрбиеші ата-аналардың қатысуымен екіден беске дейін тәрбие бағытындағы іс-шара өткізуі керек. Конференцияларда баяндама жасау талабы бұл жерде тек педагог-зерттеуші мен педагог-шебер санаттарына қатысты. Тағы бір маңызды өзгеріс – сабақтар мен іс-шараларды бақылау парақтарын ұсыну тәртібі. Бұрын мұндай парақтар жыл сайын талап етілсе, енді аралық аттестаттау кезең бойынша ұсынылады. Қосымша білім беру ұйымдарында дәстүрлі сабақтардың орнына ашық сабақтар, концерттер, челленджер, көрмелер мен фестивальдер есепке алынады. Педагогтер тек балаларды байқауларға дайындаумен шектелмей, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізуі тиіс. Ал, педагог-зерттеуші мен педагог-шебер санаттарына үміткерлер үшін оқулық әзірлеуге қатысу, үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеу немесе тиісті еңбек өтілінің болуы қарастырылған. Ең бастысы, әр критерийдің дәлелі нақты құжатпен расталуы қажет. Бұл педагогке өз еңбегін жүйелі көрсетуге және мәлімдеген санатына сәйкес келетінін дәлелдеуге мүмкіндік береді, – деді Айгүл Мұхамедьярова.

Осылайша, аттестаттаудың пилоттық жобасы педагогтің кәсіби қызметін бағалауда бірқатар өзгеріс енгізіп отыр. Жаңа тәртіпте әр санатқа қойылатын талаптар, білім беру ұйымдарының ерекшелігі, сабақ пен іс-шараларды бақылау, кәсіби жетістіктерді растау тетіктері нақтыланған. Сонымен бірге педагогтің цифрлық профиліндегі мәліметтер негізінде аналитика жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл деректерді білім беру ұйымдарының басшыларынан бастап, облыстық білім басқармасына дейінгі деңгейде пайдалануға болады. Мұндай талдау жоғары нәтиже көрсеткен педагогтерді ынталандыруға, кәсіби дамуды қолдауға және басқарушылық шешімдерді объективті ақпарат негізінде қабылдауға бағытталған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бастамалар бәйге алды

Қоршаған ортаны қорғау күнделікті жауапкершілікті талап ететін үлкен міндет. Осы бағытта облыста өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және табиғатты аялауға бағытталған бірқатар бастама жүзеге асырылып келеді. Достық үйінде экологиялық жобалардың қорытындысы шығарылып, облыстық байқаулардың жеңімпаздары марапатталды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара аясында «Таза өлке – ортақ міндет» байқауының финалдық кезеңі өтіп, қатысушылар өз жобаларын сараптамалық комиссия алдында қорғады. Байқауға өңірдің мектеп оқушылары, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Іріктеу кезеңінде қалдықтарды қайта өңдеу, аумақтарды көгалдандыру, энергияны үнемдеу, биоәртүрлілікті сақтау және өзге де экологиялық бағыттар бойынша 138 жоба ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқауға 132 қатысушы қатысып, оның 30 жобасы финалдық кезеңге жолдама алған. Үш сағатқа созылған қорғау барысында сараптамалық комиссия барлық жобаны тыңдап, қорытынды шешім қабылдады. Қатысушылар өз бастамаларын таныстырып қана қоймай, оларды іс жүзінде жүзеге асырудың жолдарын да ұсынды. Сондай-ақ, мектептер мен колледждердің 60 командасын біріктірген «Экоқозғалыс: Туған өлке үшін!» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Қатысушылар мақулатура мен пластик қақпақтарды қайта өңдеуге тапсыру мақсатында жинап, екі бағыт бойынша өзара сайысқа түсті.

Қағаз қалдықтарын жинау және қайта өңдеуге тапсыру бағыты бойынша III орынды Теміртау жоғары политехникалық колледжінің «Рэспласт ТВПК» командасы иеленді. II орын Теміртау қаласындағы №14 мектеп-лицейдің «Зелёный импульс» командасына бұйырды. I орын Қарағанды қаласындағы №5 мектеп-орталығының «Полис» командасына берілді. Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Пластик қалдықтарын жинау бағытында III орынды Қарағанды қаласындағы №32 мектептің командасы иеленді. I орын Теміртау қаласындағы №1 Теміртау классикалық лицейінің «EcoTeam РТК» командасына бұйырды.

Байқау аясында мектеп оқушылары арасында ұсынылған экологиялық жобалар да жоғары бағаланды. Қатысушылар табиғатты қорғау, қоршаған ортаны жақсарту және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған тың бастамаларын ортаға салды.



Аталған санатта ынталандыру сыйлығына «Ақылды арман» жобасымен Мансұр Хасен мен Ерназар Серік ие болса, III орын «Зелёный оазис» жобасын ұсынған Феникент Исосимовке бұйырды. Жүлдегерге 30 мың теңге көлемінде сертификат табысталды. II орын «Аквапоника» жобасын таныстырған Ұлжан Жұмаділдәда. I орын Жәнібек Әбішев, Абылай Рахат ұсынған жобаға берілді.

Байқаудың ең жоғары марапаты – Гран-при Нұрсұлтан Бейбітов, Алина Аманбекова, Ерсұлтан Зарлық және Әлима Ернарқызына табысталды.

– Бұл жоба біз үшін өте жақсы тәжірибе болды. Басты мақсатымыз – мектебіміздің аумағын көгалдандыруға үлес қосу. Негізі, білім ордамызда көгалдандыру жұмыстары бұрыннан жүргізіліп келеді. Осы бастама арқылы оны одан әрі дамытуды көздедік. Жобаға дайындық барысында оқушылар да белсенділік танытып, өз идеяларын ұсынды, – деді Әлихан Бөкейханов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Ерсұлтан Зарлық.

Сурет автордан

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Хақ жолындағы 6 мың шақырым

«Мекке менен Мәдина жолдың ұшы, Алыс сапар дейді ғой барған кісі», – деп жырлапты Шал ақын. Ықылым заманнан бері қасиетті мекенге табан тіреп, тәу ету – исі мұсылман баласының асыл арманы. Өркениет ұсынған жайлылықтың арқасында сол қиырды әуе кемесімен санаулы сағатта еңсеруге болады. Десе де, дайын сүрлеуді емес, алыс жолдың бейнеті мен рухани сынағын өз еркімен таңдаған жастар да бар. Солардың бірі – небәрі он тоғыз жасында қасиетті Меккеге сапарлаған қарағандылық Даниял Ерқанат. Орталық Қазақстан академиясында заңгер мамандығы бойынша білім алып жүрген екінші курс студенті облыстан осындай велосапарды алғаш жүзеге асырды. Даниялмен сапар төңірегінде аз-кем әңгіме өрбіттік.



– «Жол мұраты – жету» дейміз. Десе де, кейде адамның қандай ниетпен аттанғаны жеткен межесінен де маңыздырақ секілді. Қасиетті Меккеге велосипедпен бару туралы ой қайдан ұялады?

– Шынымды айтсам, бұл сауалға жауапты бір ауыз сөзбен қайыра салу қиын. Бәлкім, мұны риясыз жүрек қалауы деген жөн шығар. Хакім Абайдың «Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі» деген даналығы бар емес пе?! Көкірегімде дәл сондай бір тылсым құлшыныс оянды. Бір күні таңертең ұйқыдан ояна сала, осы ойға тас-түйін бекіндім. Қасиетті мекенге табан тіреу – әрбір мұсылман баласының асыл арманы. Екінші жағынан, өз-өзімді сынап көргім келді. «Нәпсімді тізгіндеп, шыдамым жете ме, бастаған ісімді соңына дейін жеткізе аламын ба?» деген сауал маза бермеді.

Десе де, бойымда күдіктен гөрі үміт басым болды, Жаратушының мейірімінен күдер үзбедім. Сөйтіп, «тәуекел түбі – желқайық» деп, небәрі төрт күннің ішінде қамданып, ұзақ сапарға шығып кеттім.

Негізі бұған дейін шетелдерге талай шыққанмын. Бірақ, дәл мұндай қиырға велосипедпен аттанып көрмеппін. Өзім грэпплингтен Қазақстанның спорт шеберімін, джиу-джитсудан спорт шеберлігіне үміткермін. Дегенмен, бозкілемдегі белдесу мен мыңдаған шақырымға велосипед тебудің айырмашылығы жер мен көктей екен. Мұны жолға шыққан соң анық сезіндім.

Астыма мінген велосипедім де алыс сапарға арнайы жасалған қымбат көлік емес. Сегіз жылдан бері өзім теуіп жүрген кәдімгі «MTB». Сол «тұлпарымды» бабына келтіріп, қоржынына азын-аулақ дәрі-дәрмек пен ең қажетті бұйымдарымды ғана салдым. Азық-түлік алып та әуре болмадым, «жүргенге жөргем ілінер» деген ниетпен жолға түстім.

Ал, үйдегілердің көзқарасына келсек, әуелде анам біраз қарсылық білдірді. Қиыр шетке жалғыз аттанған перзентіне қай ана алаңдамайды дейсіз?! Велосипедпен дүниені шарлаған жиһанкездердің бейнежазбаларын көрсетіп, көңілін орнықтыруға тырыстым. Ал, әкеме жолға шығып кеткенімді Осакаров ауданының тұсынан өтіп бара жатқанда бір-ақ естірттім (күлді).

Сапар алдында осындай тәуекелге барған өзге де саяхатшылардың тәжірибесіне де көз жүгіртім.

– «Жол азабын жүрген біледі» деп бекер айтпаса керек. Жол қай тұста көбірек сынады?

– Ең алғашқы күні Қарағандыдан шығып, Теміртауға жеттім. Әдетте көлікпен зу етіп өте шығатын қас-қағымдық жол ғой. Ал, велосипед тізгіндегенде қашықтық мүлде басқа өлшеммен есептеледі екен. Екінші күні Елордаға ат басын тіреп, әрі қарай Қостанай бағытына бет түзедім. Одан кейін Жітіқара, Орск, Ақтөбе, Атырау, Астрахан, Владикавказ қалаларын басып өтіп, Грузия шекарасынан астым. Сөйтіп, Батумиге жетіп, одан әрі Стамбұлды бетке алдым.

Карта көрсеткен бағыттың бәрі бірдей тиімді бола бермейді. Әуелде Жітіқарадан Бреды, Орск арқылы Ақтөбеге жетуді көздегенмін. Алайда, жергілікті жұртшылықпен ақылдаса келе, төте жол тауып алдым. Соның арқасында шамамен 350 шақырымдай қашықтықты қысқарттым.

Грузияның құбылмалы, тосын табиғаты мені мықтап сынға алды. Біздің құрғақ ауаға үйренген ағзаға ондағы ылғалды климат пен жиі жауатын жаңбыр оңай тимейді екен. Соған қарамастан, денсаулығым айтарлықтай сыр берген жоқ. Мұны спортпен тұрақты шұғылданып, шыныққанымның арқасы деп білемін.

Ал, сегіз жылдық «тұлпарым» жол бойы алты-жеті мәрте жөндеу көрді. Десе де, Грузияның қиямет-қайым таулы жолдарына төтеп бергеніне дән ризамын.

Әрине, бүкіл қашықтықты бастан-аяқ тек велосипедпен еңсердім десем, артық болар. Қалалардың арасы тым алшақ жатқан тұстарда жолай көліктерге міндім. Әсіресе, алысқа жүк таситын жүргізушілер қол ұшын созып, көп көмектесті. Кейде солармен бірге түнеп, кейде біраз жерге дейін жеткізіп тастайтын. Басаяғын есептегенде, бұл сапарым алты мың шақырымға жуықтады.

– Әңгімеңізден жол бойында талай мейірімді жанның жәрдеміне сүйенгеніңізді аңғардық. Жат өлкеде кезіккен сол бір шарапатты істердің қайсысы жадыңызда ерекше сақталып қалды?

– Мұндай оқиғалар аз болған жоқ. Бір қызығы, шынайы адамгершілік пен кеңпейілділікті өз еліміздің аумағында-ақ молынан сезіндім. Мәселен, Ақтөбеге жеткенімде телефонымның жадын ұлғайтып, қуаттағышын жөндетіп алмақ болдым. Бір сауда орталығындағы шеберханаға бас сұқтым. Қызмет құны да оңай соқпайтын көрінді, дегенмен, алыс жолға аса қажет болған соң ойланбастан келістім.

Әңгіме арасында мамандар менің қайда бет алғанымды сұрады. Мән-жайды естіген бойда дереу басшысына хабарласты. Сөйтсем, әлгі азамат еш бөгелместен барлық жұмысты тегін жасап беруді тапсырыпты. Таң-тамаша қалдым. Шексіз алғысымды жаудырып, есімін сұрадым. Жақсылығын әлеуметтік желідегі парақшама жариялап, елге үлгі еткім келген. Алайда, ол кісі үзілді-кесілді бас тартты.

Орск қаласында да біраз әбігерге түскен жайым бар. Түнейтін қонақүй таба алмай, оның үстіне ғаламтор байланысы да сыр беріп, тығырыққа тірелдім. Сол сәтте көшеде өтіп бара жатқан бір азамат жөн сұрасып, бар шаруамды реттеуге қол ұшын созды. Бөтен жерде бейтаныс адамның жанашырлық танытқаны жанға ерекше жылу сыйлайды екен.

Ал, Грузияда далада түнеуге тура келген бір түн есімде ерекше қалыпты. Әбден қалжырап, тынығып жатқан едім, бір кісі келіп оятты. Ұлты шешен екен. Кім екенімді, қайдан шығып, қайда бара жатқанымды сұрады. Қасиетті Меккеге бет алғанымды естігенде таңданысын жасыра алмады. Содан мені өз көлігіне жайғастырып, алдыма ас-суын тосты. Ешқандай таныстығымыз жоқ болса да, туған бауырындай қамқорлық көрсетті.

Тағы бірде күн тас төбеден өтіп, аптап ыстықта әбден шөлдеп келе жаттым. Кенезем кеуіп, таңдайыма тамызар су таппай қиналған шағым еді. Кенет жаныма бір көлік келіп тоқтады. Амандық-саулықтан соң жүргізушіден су сұрадым. Сөйтсем, көлігінің жүксалғышы түрлі сусынға толы екен. «Қалағаныңды алып іш» деп, барлығын алдыма жайып салды. Шөліркеп келе жатқан жолаушы үшін мұндай кеңдіктің қадірі тіпті бөлек қой.

Жол үстінде небір таңғажайыпқа кезігесің. Атырау мен Астрахан арасындағы күрежолда швейцариялық бір жиһанкезді жолықтырдым. Жасы жетпіс сегізде екен. Еуропадан шығып, сонау Гонконгқа бет алып бара жатыр. Айтуынша, елу сегіз жасында саяхатқа аттанып, содан бері жиырма жыл бойы дүниені велосипедпен шарлап жүр. Соны көріп қайран қалдым. Адамның асқақ арманға ұмтылуына жас ешқашан кедергі болмайды екен.

– Бір бағытты межелегенімізбен, кейде ойламаған соқпаққа түсіп кетеміз. Стамбұлға жеткенде жоспарыңыз күрт өзгеріпті...

– Иә, бастапқыда Ирак аумағы арқылы өтуді жоспарлаған едім. Алайда, виза рәсімдеу жағынан біраз кедергілер туындады. Иран бағытын да бағамдап көрдім, бірақ, ондағы күрделі геосаяси ахуалды ескеріп, басымды қатерге тікпедім. Әуелгі есебім бойынша Стамбұлға табан тіреп, одан әрі Дубайға ұшпақ едім. Десе де, ұзақ сапардың өз дегені бар екен – жоспарым жол-жөнекей бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады.

Стамбұлда мүлде күтпеген тосын жайтқа тап болдым. Бір күні Instagram желісінде тікелей эфирге шығып, оқырмандарыммен емен-жарқын әңгімелесіп отырғанмын. Кенет аспанды қара бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай ойнап, шелектеп нөсер құйып кетті. Дәл сол сәтте телефоным өшті де қалды, қайтып қосылмады. Сөйтіп, тура елу сағаттай байланыссыз қалдым.

Абырой болғанда, Стамбұлда бұрын Қарағандыда дәріс берген ұстазым Абдумәлік Мейрамұлы бар еді. Қазір сол жақта білімін жетілдіріп жүр. Сол кісімен жолығып, біраз шаруамды ретке келтірдім. Кейін сол маңда бір ағамыздың өз телефонын сатқалы жүргенін естідім. Маған ауадай қажет дүние, оған сату керек – іздегенге сұраған болып, әлгі телефонды сатып алдым.

Сауд Арабиясына велосипедпен өту барысында құжаттық әрі шекаралық қиындықтар туындауы мүмкін екенін де ескердім. Ақыры талай шақырымды бірге еңсерген «тұлпарымды» Стамбұлдағы медреселердің біріне аманаттап қалдырдым. Әлі күнге дейін сонда тұр. Бұйырса, алдағы уақытта елге алдыртып, өмірімдегі ерекше сапардың көзіндей етіп сақтағым келеді. Сегіз жыл бойы серік болған велосипедімнің мен үшін орны бөлек.

Сөйтіп, Стамбұлдан қасиетті Мәдина шаһарына ұшақпен жеттім. Нұрлы қалада үш күн аялдадым. Ешқандай гид жалдаған жоқпын. Тарихи Ұхуд тауына барып, Қыблатайын мешітінде зиярат еттім. Ағылшын тілін аздап меңгергенімнің осындайда пайдасы көп тиді. Малайзия мен Индонезиядан келген зияраттышылармен танысып, қасиетті орындарды бірге аралаған сәттеріміз де болды.

Бір қызығы, Мәдина көшелерінің бірінен қазақы атауы бар мейрамхананы көзім шалып қалды. Ішке бас сұғып, ондағы жандармен танысып, жылы лебіздері мен қолдауларын сезіндім.

– Қасиетті Қағбаны алғаш көрген мезетте қандай күй кештіңіз?

– Шынымды айтсам, дәл сол сәттегі сезімді жай сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қасиетті мекеннің табалдырығын аттап, көз алдымда асқақтаған Қағбаны алғаш көргенде жүрегім ерекше тулап, жан дүнием алай-дүлей күй кешті. Ең әуелі осыншама қиыр жолдан, талай сыннан аман-есен өтіп, діттеген жеріме жеткеніме іштей тәубе еттім.

Айналаңа қарасаң, жер-жаһанның түпкір-түпкірінен ағылып келген сансыз мұсылман тәу етіп жүр. Сол қалың нөпірдің ортасында мен де тұрдым. Сонау Қарағандыдан аттанып, мыңдаған шақырымды артқа тастап, ақыры асыл арманыма қол жеткізгеніме шексіз қуандым. Жаратушы Иеме сансыз шүкіршілік айттым.

Меккеде бір аптадай аялдап, кіші қажылық – умра парызымды өтедім. Қасиетті шаһарда жүргенде туған елдегі қайғылы жағдайларға да қабырғам қайысты. Маңғыстаудағы қаралы оқиғада қаза тапқан бауырларымыздың рухына бағыштап, садақа бердім. Ондағы он төрт марқұмның есімін он төрт жайнамазға жаздырып, мұқтаж жандарға тараттым. Қасиетті Құран кітаптарын да сатып алып, шамам жеткенше үлестіріп шықтым.

Адам шын ниет етіп, тәуекелмен әрекетке көшсе, Алланың қалауымен кез келген мақсатқа жетуге болады екен. Бұл сапардың маған берген рухани тағылымы да, өмірлік сабағы да ұшан-теңіз.

– Қасиетті мекенге тәуекелмен жол тартқан кешегі Даниял мен талай белді асып, Қарағандыға оралған бүгінгі Даниялдың арасында қандай айырмашылық бар?

– Ең әуелі, туған жердің қадір-қасиетін бұрынғыдан да тереңірек түйсіндім. Қаншама жат елдің табалдырығын аттап, табиғатын тамашаласам да, өзіміздің кең-байтақ даламызға жететін жер жоқ екен. Әсіресе, Торғай өңірінен өткенде жайқалған егістік алқаптары мен айдын көлдерді көріп, кеудемді ерекше мақтаныш кернеді. Батыстың көз жетпес ұлан-ғайыр жазығы да жан дүниемде өшпес із қалдырды. Қиырға ұзаған сайын туған шаңырағың мен ағайын-туысыңды шын сағынады екенсің.

Қасиетті мекендегі құлшылығымды аяқтаған соң Жиддадан Ташкентке ұшып, одан әрі туған елге табан тіредім. Ағайын-туыс пен бауырларым құшақ жая, зор қуанышпен қарсы алды. Сол бір ыстық қауышу сәтіндегі толқынысымды да сөзбен айтып жеткізу қиын.

Бұл сапар менің өміріме басқа қырынан да тың өзгеріс әкелді. Жолға шығарда әлеуметтік желідегі оқырмандарымның саны бес жүзге де жетпейтін. Ал, қазір он бес мыңға жуықтады. Сапар барысында 360 градусқа түсіретін шағын камераммен жолдың қызығы мен шыжығын қалт жібермей таспалап, «Қарағандыдан – Меккеге» деген айдармен елге ұсынып отырдым.

Қазір күнделікті тұрмысыма қайта оралдым. Академиядағы оқуымды жалғастырып, штаттан тыс кәсібімді дөңгелетіп жүрмін.

Сөз соңында жуырда болған бір әсерлі жайтты айта кетейін. Ресейдің Вологда қаласынан сонау Таиландқа велосипедпен бет алған бір жиһанкездің Қарағандыға аялдайтынын естідім. Арнайы іздеп барып, құшақ жая қарсы алдым. Қонақ етіп дәм ұсындым, бұзылған велосипедін бірге жөндедік. Оның жол үстіндегі хәлін жан-тәніммен түсінемін ғой. Өзім де талай рет бейтаныс жандардың шарапатын көрдім. Енді міне, сондай жолаушыны көрсем, қайтсем көмектессем деп тұрамын. Осы ұлы сапардан түйген ең басты өмірлік сабағым да – адамдарға деген риясыз мейірім мен жақсылықты жалғастыру екен.

– Әңгімеңізге рақмет! Тәуекел мен табандылыққа толы бастамаларыңыз әрдайым сәтті болып, алдыңыздан тек ақ жол ашылсын!

Сұхбаттасқан
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

«Қазан ұрмай, қар жаумай...»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Метеоболжамдар бөлімінің басшысы Айжан Қосубаева ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің нормалық көрсеткішін ұсынды. Бұл кесте 1991 мен 2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер нәтижесіне қарап жасалған. Мәселен, қараша айына -01°С пен -6,9°С аралығындағы ауа температурасы тән. Ал, жауын-шашын мөлшері әдетте 9 бен 34 мм арасында болады.

– Алдағы қыс мезгілінде және көктемнің алғашқы айында Қарағанды мен Ұлытау облыстарында ауа температурасы климаттық нормадан жоғары болады деп күтілуде. Ал, жауын-шашын мөлшері айларға және өңірлерге байланысты әртүрлі болады. Желтоқсан айында облыстың барлық аумағында ауаның орташа температурасы климаттық нормадан шамамен 2°С жоғары болады. Жауын-шашын мөлшері де облыстың басым бөлігінде әдеттегі көпжылдық көрсеткіштерге сәйкес келеді деп болжануда. Қаңтар айында да жылы ауа райы сақталады. Облыстың басым бөлігінде орташа айлық температура нормадан 1-2°С жоғары болады. Жауын-шашын мөлшері негізінен нормаға жуық болғанымен, Ұлытау облысының қиыр оңтүстік-шығысында және Қарағанды облысының қиыр оңтүстігінде жауын-шашын әдеттегіден аз түсуі мүмкін. Ақпан айында температураның климаттық нормадан 1-3°С жоғары болуы күтіледі. Бұл айда облыстың басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері нормадан көп болады деп болжануда. Ал, Ұлытау облысы мен Қарағанды облысының қиыр батысында жауын-шашын мөлшері көпжылдық орташа көрсеткіштер шамасында болады. Наурыз айында да салыстырмалы түрде жылы ауа райы сақталады. Республиканың барлық аумағында ауаның орташа айлық температурасы климаттық нормадан 2°С жоғары болады деп күтілуде. Ал, облыс аумағында жауын-шашын мөлшері нормаға жуық болады. Жалпы алғанда, болжам бойынша желтоқсан-наурыз айларында өңірде ауа температурасы климаттық нормадан жоғары болады. Әсіресе ақпан айында жауын-шашынның көбірек түсу ықтималдығы байқалады, – деді Айжан Қосубаева.

Табиғат-Ана тіл қатады. Тек, құлақ түріп, әр құбылысына зер салсаңыз болғаны. Бұрынғының далада мал баққан қазағы қазан мен қарашадағы табиғат құбылыстарына қарап, алдағы қысты болжаған. Біз биылғы қыстың райын агроном, талай жылдан бері жыл құстарын зерттеп жүрген Сәкен Келдібаевтан сұрадық. Оның да болжамы «Қазгидрометтің» болжамдарымен үндес.

– Атам мен әженің қолында өстім. Атам алдағы қысты болжап, соған қарай малдың күтімін жасайтын. Айтқаны дәл келетін. Соның бәрі жадымда сақталған. Қазан айының ортасында Шет ауданына бардым. Далада құмырсқа илеуі көзіме түсті. Атам құмырсқаның илеуіне қарап ауа райын болжайтын. Қыс ерте түсетін болса, қыркүйектің аяғында, қазан айының басында құмырсқа илеуінің бетін жабады. Ал, кеш түсетін болса, илеуінің бетін жаппай, бұрынғы тіршілігімен айналыса береді. Жалпы айтқанда, биыл құмырсқа илеуіне кірмепті. Азығын тасып, әлі жанталасып жүр. Бұл – күз ұзақ болады, қыс кеш түседі деген сөз. Қайыңдарға қарап та болжайды. Қайың басынан сарғайса, қыс ерте келеді, ұзақ әрі қатал болады дегенді білдіреді. Ал, төменнен сарғайса, қыс кеш түседі, бірақ, қатал болады. Биыл ортасынан сарғайыпты. Бұл – алдағы қыс жайлы болады деген сөз. Жылы жаққа ұшқан құстар да алдағы қыстың мінезінен хабар береді. Биыл құстар көлдер мен өзендердің жағасынан енді кетіп жатыр. Қорғалжын қорығындағы өзен-көлдерді бақылап отырмыз. Мысалы тырналар жерден биік ұшса және шулап ұшса, қыс жайлы болады. Биыл дәл осылай аттанып жатыр. Ал, бір ұшып, бір қонып кетсе, қатал қысқа қамданыңдар дегенді білдіреді. Қараша айының бел ортасынан астық. Болжамның бәрі сәйкес келіп жатқандай. Биыл қыс жайлы болатын сияқты, – деді Сәкен Келдібаев.

Ауыл шаруашылығынан хабары жоқ адамға ақ ұлпаның мол мөлшерде жауғаны жақпайтыны анық. Темір тұлпары малтып, ауласы бір уайымға айналады. Қаладағы жұртқа да қардың аз жауғаны жақсы секілді. Бірақ, бұл қыстың қамын жаз ойлайтын қырдағы қазақ үшін көпкөрім уайым. Мәселен, өткен қыста қар аз мөлшерде жауып, жайлы болғанымен, жазда қуаңшылық болды. Фермерлердің көбі шөптің аз шыққанын айтып жүр. Өйткені, топырақта ылғал жоқ. Айдын Жанұзақов есімді азамат былтыр қаладағы жұмысын тастап, мал шаруашылығына ойысқан. «Нар тәуекел!» деп жайлау сатып алып, қолдағы жылқысы мен сиырын сол жаққа айдап апарған. «Қысқы азығын өзім әзірлеймін», – деп қолындағы арнайы техникасын да сол жаққа жеткізді. Бірақ, үміті ақталмады.

– Биыл шөп өте аз шықты. Трактордың шалғысына ілігетіндей шөп болмаған соң қор жинақтаған басқа фермерлерден сатып алуға тура келді. Биыл қар мол мөлшерде жауса екен деп тілеп отырмыз. Өйткені, жерге ылғал керек. Мал баққан адам мезгілдердің мінезін болжап жүреді. Биылғы қыс жайлы болады деп жүр ел. Бірақ, жаңбыр да жауады деген болжамдар бар. Бұл жылқы үшін өте қатерлі. Жұттан аман болсақ екен, – деді жас фермер.

Метеоболжамдар бөлімінің басшысы Айжан Қосубаева былтырғы қыс мезгілінің де болжамдары нормалық көрсеткіштен аса ауытқымағанын, биылғы қыстан айырмашылығы жоқ екенін айтты.

2026 жылғы климаттық жағдайға әсер етіп отырған маңызды факторлардың бірі – Эль-Ниньо. Бұл – Тынық мұхитының экваторлық бөлігіндегі су бетінің қалыптан тыс жылынуымен байланысты табиғи құбылыс. WMO мәліметтері бойынша, 2026 жылдың ортасынан бастап Эль-Ниньо қалыптасып, күшейе бастады. Оның ең жоғары кезеңі 2026 жылдың соңына сәйкес келуі мүмкін. Құбылыстың әсері 2027 жылдың басына дейін жалғасуы ықтимал. Бұл құбылыстың күшеюі жаһандық температураның одан әрі жоғарылауына ықпал етуде.

Мамандардың сөзінше, бұл құбылыс еліміздегі климатқа аз да болсын әсер етіп жатыр.

Ойын алаңы жайлы болуы тиіс

Теміртау қаласында балалардың бос уақытын қауіпсіз әрі жайлы ортада өткізуіне бағытталған жұмыстардың маңызы ерекше. Қазір қаладағы 152 ойын алаңының күтімі мен қауіпсіздігі жауапты мекеменің назарында.







Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалық шақтың базары – аула. Әткеншек теуіп, сырғанақтан сырғанап, құмнан қамал тұрғызған бала үшін ойын алаңынан асқан қызық жоқ. Алайда, оның қызығы қауіпсіздікпен ұштасқанда ғана мәнді. Сондықтан, шағын сәулет нысандарын орнату, аулаға түрлі-түсті ойын жабдықтарын әкелу – істің бір парасы ғана. Ең маңыздысы – сол дүниенің жарамдылығын қадағалап, күтіп ұстау. Теміртауда осы бағыттағы жұмыстар жүйелі сипат ала бастады.

Қала әкімдігінің «Мәдени, демалыс бақтары мен гүлзарлары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының балансында бүгінде 152 балалар ойын алаңы бар. Олардың 133-і тұрақты қызмет көрсетумен және санитариялық тазалық жұмыстарымен қамтылған. Қалған 19 алаңды кешенді жаңғырту көзделіп отыр.

Мұндай жүйенің қалыптасуына нақты қажеттілік себеп болды. Бұған дейін қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында орналасқан ойын алаңдарын күтіп ұстауға бюджеттен жыл сайын арнайы қаражат қарастырылмаған. Соның салдарынан бірқатар нысанның күтімі жүйелі жүргізілмей келген. Мәселені шешу үшін 2026 жылғы 1 маусымда 133 ойын алаңы аталған кәсіпорынның балансына берілді. Бұл қадам олардың техникалық жағдайын тұрақты бақылауға алып, жөндеу мен тазалық жұмыстарын бір орталықтан ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Бүгінде ауладағы ойын алаңдары аптасына кемінде бір рет тазартылып, айналасындағы қоқыс жиналады. Өскен шөп шабылып, ойын құрылғыларының жай-күйі қадағаланады. Әткеншектер мен орындықтар жөнделіп, сырғанақтар мен өзге де конструкциялардың ақауы қалпына келтіріледі. Тозған жасанды көгал жабыны қажетіне қарай ішінара немесе толық ауыстырылады.

Алаңдарды күтіп ұстау жыл мезгіліне қарай да ерекшеленеді. Жазда балалардың құммен ойнауына жағдай жасалып, қажетті жерлерге майда құм жеткізіледі. Күзде жапырақ пен қоқыс жиналса, қыста қар тазартылып, сыртқа шығарылады. Яғни, ойын алаңдары тек жазғы маусымда ғана емес, жыл бойы назарда болады.

Басқарма мәліметінше, тұрақты қызмет көрсетілетін нысандарда жоспарланған жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары толық орындалған. Әйтсе де, бір мәрте жөнделген алаңды ұзақ жыл бойы қауіпсіз деп қарауға болмайды. Себебі, балалар ойын жабдықтарын күн сайын пайдаланады. Демек, олардың техникалық жағдайын тексеру мен қажетті жөндеуді дер кезінде жүргізу үздіксіз жалғасуға тиіс.

Бұл бағытта нақты нәтижелер де бар. Мәселен, қыркүйек айының соңында Теміртауда 21 ойын алаңында тазалық және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сонның 19-ында ойын аймақтары мен оған іргелес аумақтар қоқыстан тазартылып, екі алаңның көгал жабыны ауыстырылып, жөнделді.

Мұның өзі аула мәдениеті мен абаттандырудың өзара сабақтас екенін көрсетеді. Таза әрі күтімді алаң балалардың демалуына ғана емес, тұрғындардың ортақ кеңістікке деген жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді.

Қаладағы балалар инфрақұрылымын дамыту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Басқарманың балансына қосымша қабылданған 19 ойын алаңы кешенді қалпына келтіру және жарақтандыру жоспарына енгізілген.

Жоспар аясында бұл аумақтарға заманауи ойын кешендерін, жаңа әткеншектер мен қоршаулар орнату қарастырылған. Ойын аймақтарына кеспетас төселіп, жасанды көгал жабыны жаңартылады. Айналасы абаттандырылып, балалардың жас ерекшелігіне сай демалуына қолайлы жағдай жасалмақ.

Ең бастысы, жаңғырту кезінде қауіпсіздік мәселесіне басымдық берілмек. Жоспарда ойын алаңдарын жарықтандыру және аумақты бақылау үшін бейнекамералар орнату да көзделген.

Бұл – назар аударуға тұрарлық бастама. Өйткені, кешкі уақытта жеткілікті жарықтың болуы ойын алаңдарын пайдалануды қолайлы етіп қана қоймай, айналадағы жағдайды бақылауға да мүмкіндік береді. Ал, бейнебақылау жүйелері қоғамдық тәртіпті сақтауға, мүлікті бүлдіру әрекеттерінің алдын алуға және төтенше жағдай туындағанда оқиғаның мән-жайын анықтауға көмектесе алады.

Жалпы, Қазақстанда балалар ойын алаңдарының жабдықтарына қойылатын арнайы техникалық талаптар бар. Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті техникалық регламентіне сәйкес әткеншек, сырғанақ, карусель және өзге де ойын құрылғылары берік, орнықты, қауіпсіз болуы шарт. Олардың өткір қырлары, жарақат келтіруі мүмкін шығыңқы бөлшектері болмауы керек. Жабдықтардың тозуы мен тот басуына қарсы қорғаныс та ескерілуге тиіс.

Осы орайда Теміртауда жаңғыртуға жоспарланған 19 алаңның жұмысы сапалы орындалып, қауіпсіздік талаптары сақталуы айрықша мәнге ие.

Балалардың қауіпсіз ойын кеңістігін қалыптастыруда тұрғындардың да үлесі зор. Теміртауда жүзеге асырылып жатқан «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы соның бір көрінісі.

Бұл бастама аясында тұрғындардың ұсынысымен балалар және спорт алаңдары, футбол мен волейбол алаңдары, гүлзарлар мен қоғамдық демалыс орындары абаттандырылып келеді. Бағдарлама арқылы бұрын Бауыржан Момышұлы даңғылындағы гүлзар ретке келтіріліп, жаңа балалар алаңдары орнатылған, бірқатар ойын аймағы жөнделген.

Ал, 2026 жылға теміртаулықтар 23 жобаны қолдап, дауыс берген. Олардың қатарында балалар мен спорт инфрақұрылымын дамытуға, аулаларды абаттандыруға және қоғамдық кеңістіктерді жақсартуға бағытталған бастамалар бар.

Мұның маңызы тек бюджет қаржысын бөлу немесе кезекті нысанды салумен шектелмейді. Тұрғындардың өз ауласын көркейтуге қатысуы ортақ мүлікке деген жанашырлықты қалыптастырады. Өйткені аула – бір мекеменің ғана емес, сол жерде тұратын адамдардың да күнделікті өмір сүретін ортасы.

Теміртаудағы 152 ойын алаңын жүйелі күтіп ұстау, оның ішінде, 19 нысанды кешенді жаңғырту жоспары осы бағыттағы маңызды жұмыстардың бірі. Endігі міндет – жоспарланған шараларды сапалы жүзеге асырып, жөнделген нысандардың қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстау.

ТЕМІРТАУ

Суреттер
Теміртау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

• ЭНЕРГЕТИКА

Апат қаупі азайды

Теміртауда 35 мыңға жуық абонентті жылумен қамтамасыз ететін магистраль жаңғыртылды. Қаладағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі саналатын ТМ-3 жылу магистралінде төрт шақырымнан астам ескі құбыр ауыстырылды. Жалпы, биыл қала көшелерінде сегіз шақырымнан астам жылу желісі жаңартылған. Бұл – тозығы жеткен коммуналдық жүйелердің сенімділігін арттырып, апат қаупін азайтуға бағытталған маңызды қадам. Қазіргі уақытта негізгі құрылыс жұмыстары аяқталып, мердігер ұйымдар қазылған аумақтарды қалпына келтіру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуде.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртауда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, тұрғындарды жылумен тұрақты қамтамасыз етуге басымдық берілген. Осы мақсатта қаланың бірнеше көшесінде ескірген жылу магистральдары қайта жаңартылып, ұзақ жылдар пайдаланылған құбырлар заманауи материалдардан жасалған жаңа желілерге ауыстырылды.

Атқарылған жұмыстардың ең ауқымдысы Мичурин көшесіндегі ТМ-3 жылу магистралінде жүргізілді. Мұнда төрт шақырымнан астам құбыр жаңартылды.

Аталған магистральдың қала тіршілігі үшін маңызы айрықша. Өйткені, ол арқылы 35 мыңға жуық абонентке жылу жеткізіледі. Сондықтан мұндағы инженерлік желілердің қалыпты жұмыс істеуі мыңдаған тұрғынның тұрмыстық жайлылығына тікелей әсер етеді.

Жаңғырту барысында ескі құбырларды ауыстырумен қатар, жылу магистралінің тірек құрылымдары да ретке келтірілді.



Атап айтқанда, темірбетон тіректерді орнату және бетондау жұмыстары толық аяқталды. Мұндай құрылымдар құбырлардың орнықтылығын қамтамасыз етіп, желінің ұзақ мерзім бойы сенімді пайдаланылуына жағдай жасайды.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту Ушинский және Бейбітшілік көшелерінде де жүргізілді. Құрылысшылар даңғылынан Бейбітшілік көшесі мен Металлургтер даңғылының қиылысындағы №18 жылу камерасына дейінгі аралықта үш шақырымнан астам құбыр ауыстырылды.

Бұл учаскелерде тозығы жеткен құбырлардың орнына пенополиуретанды жылу оқшаулағышы бар жаңа болат құбырлар төселді. Олардың ерекшелігі – жылуды сақтау қасиетінің жоғары болуы және сыртқы ортаның әсерінен қорғалуы. Мұндай технология жылу тасымалдау кезіндегі шығынды азайтуға, құбырлардың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Жылу желілерін жаңғыртудың маңызы тек ескі құбырларды алмастырумен шектелмейді. Қаладағы жылумен жабдықтау жүйесінің сенімділігі көп жағдайда магистральдардың техникалық жағдайына байланысты. Әсіресе, қыс мезгілінде құбырлардың тозуы немесе ақаулардың туындауы тұрғындар үшін елеулі қолайсыздық тудыруы мүмкін. Сондықтан апаттың салдарын жоюдан гөрі оның алдын алуға бағытталған мұндай жобалардың әлеуметтік мәні зор.

Жаңа желілер жылу жүйесіндегі ықтимал ақаулардың санын азайтып, коммуналдық қызметтің тұрақтылығын арттыруға негіз болады. Сонымен қатар, инженерлік инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңарту алдағы уақытта желілерді күтіп ұстау мен пайдалану тиімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Қазір жаңғырту жүргізілген аумақтарда абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Мердігер ұйымдар құрылыс кезінде қазылған жерлерді қалпына келтіріп, жұмыс жүргізілген учаскелерді ретке келтіруде. Бұл – коммуналдық жобаларды аяқтаудың маңызды кезеңдерінің бірі. Өйткені, инженерлік желілерді жаңартумен қатар, қала көшелерінің бұрынғы қалпын сақтау да назардан тыс қалмауға тиіс.

Теміртауда жүзеге асырылған жұмыстар коммуналдық инфрақұрылымның тозуын азайтуға бағытталған жүйелі шаралардың бір бөлігі. Жалпы ұзындығы сегіз шақырымнан асатын жылу желілерінің жаңартылуы қаланың инженерлік жүйесін нығайтуға мүмкіндік береді.

Ең бастысы, бұл жұмыстардың нәтижесі тұрғындардың күнделікті өмірінен көрінуге тиіс. Өйткені, коммуналдық инфрақұрылымның сапасы ең алдымен үйлерге жылудың тұрақты жетуімен, апаттық жағдайлардың азаюымен және қызмет көрсетудің сенімділігімен өлшенеді.

ТЕМІРТАУ

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Орталық жылу жүйесіне қосылады

Осакаров ауданының Молодежный кентінде 16 көпқабатты тұрғын үйді орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды. Биыл мұнда ұзындығы екі шақырымға жуық жаңа жылу желісі тартылып, қажетті инфрақұрылым толық дайындалған. Қазір 11 үй орталық жылу жүйесіне қосылды. Қалған бес үйдің тұрғындары да өз шешімдеріне қарай орталық жылуға қосыла алады.

Кенттегі коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жаз мезгілінде басталған. Осы уақыт аралығында мамандар жалпы ұзындығы 1992 метр жылу құбырын тартып, монтаждау жұмыстарын аяқтады. Сонымен қатар, жылу шығынын азайту және жүйенің қыс мезгілінде тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында құбырлар арнайы жылу оқшаулағыш материалмен қапталды.

Осакаров ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Қажымұхамед Әкімжановтың айтуынша, қазіргі уақытта барлық 16 тұрғын үйді орталық жылу жүйесіне қосуға техникалық мүмкіндік бар.

– Жұмыстар жаз мезгілінен бастап, кезең-кезеңімен жүргізілді. Жылу желілерін тартып, қажетті монтаждау жұмыстарын аяқтадық, құбырларды жылу оқшаулағышпен қаптадық. Қазіргі уақытта 11 үй орталық жылу жүйесіне қосылды. Қалған бес үй үшін де барлық техникалық жағдай жасалған. Енді оларды жылу жүйесіне қосу тұрғындардың өз шешіміне байланысты, – деді Қажымұхамед Әкімжанов.

Жаңа жылу желісінің тартылуы кенттегі көпқабатты тұрғын үйлердің коммуналдық жағдайын жақсартуға бағытталған. Endігі міндет – техникалық мүмкіндігі бар қалған бес үйді тұрғындардың келісімімен орталық жылу жүйесіне қосу.

Өз тілшімізден

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің басшылығы мен ұжымы Маркетинг және рекрутинг басқармасының басшысы Алмас Төлеуұлына

АНАСЫНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

к

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің басшылығы мен ұжымы паспорттық бақылау маманы Жанар Амангелдіқызы Сүлейменоваға

ӘКЕСІНІҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

к

• ЖАҚЫП АҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 150 ЖЫЛ

Алаш арысы ардақталды

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетімен бірлесіп, Алаш қайраткері, қазақтың тұңғыш құқық магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай «Алаштың заңгер тұлғасы: Жақып Ақбаев мұрасы және тәуелсіздік идеясы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Тағылымды шара барысында белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері Сүйіндік Жанысбайдың «Алаш арысы Ақбаев» атты жаңа кітабының тұсауы кесілді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқосудың алғашқы құттықтау сөзін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик Зарқын Тайшыбай алып, Сүйіндік Жұмабайұлын жаңа кітаптың жарық көруімен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

– Бір нәрсені білген жөн. Алаш көсемдерін атағанда Әлихан Бөкейханнан бастау керек. Одан кейін Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков сынды тұлғалар аталады. Мен Жақып Ақбаевты зерттеп, бірнеше кітап, көптеген ғылыми мақала жаздым. Сондағы түйгенім, ол өмірде өте алғыр, қайсар, қазақ және орыс тілдерін жетік білетін, интеллектісі өте жоғары, жанары өткір, мұнтаздай киініп жүретін патриот жан болған. Оның асқақ тұлғасын кеңірек насихаттау қажет, – деді Зарқын Сыздықұлы.

Конференцияның маңызды сәтінің бірі Сүйіндік Жанысбайдың «Алаш арысы Ақбаев» атты жаңа кітабының тұсаукесері болды. Бұл мәртебе Зарқын Сыздықұлы, Қазақстанның Құрметті журналистері Сағат Батырхан мен Әли Тойжігітке бұйырды.

Автор Жақып Ақбаевтың өмірін зерттеуге оның туған жері Беріккарамен байланыстығы да себеп болғанын айтты.

– Мен де – осы өңірдің тумасымын. Жақып Ақбаев, Әлихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермековтің кіндік қаны тамған жерлер бір-біріне жақын орналасқан. Жақып Ақбаев туралы ғылыми еңбектер мен зерттеулер аз емес. Ал, мен оның өмір жолын көркем шығарма арқылы өрбітуді мақсат еттім. Кітапта тарихи деректермен қатар, ел аузындағы естеліктер мен шежірелік мәліметтерді де қамтуға тырыстым. Бұл бағыттағы ізденісімді жалғастыру ойда бар. Осындай мазмұнды конференция мен тұсаукесер ұйымдастырып, еңбегіме құрмет көрсеткен кітапхана ұжымына және бүгінгі жиынға қатысқан барша қауымға шынайы алғыс білдіремін, – деді жазушы.

Сағат Батырхан да Алаш арыстарының өмірі мен мұрасын кейінгі ұрпаққа танытудың маңызына тоқталды.

– Шын мәнінде, біз Алаш ардақтыларын кезінде толық танып-біле алған жоқпыз. Ұрпақ санасындағы осы олқылықтың орнын толтыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Осы жолда Сүйіндік ағамыздың атқарып жүрген еңбегі ерекше құрметке лайық. Архивтерден табылған



тың деректер мен Мәскеу, Санкт-Петербург қорларынан алынған құнды құжаттар ұлт тарихындағы талай ақтаңдақтың бетін ашуға мүмкіндік берді. Бүгінгі конференция да – осы игі істің жалғасы. Әлихан Бөкейханнан кейін Жақып Ақбаевтың өмірі мен күрес жолы кеңінен таныстырылып отыр. Мұндай шаралар жастардың тарихи санасын қалыптастырып, Алаш мұрасын келер ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Сүйіндік ағамыздан Алаш ардақтылары туралы әлі талай құнды еңбек күтеміз, – деді Сағат Батырхан.

Жиын барысында Жақып Ақбаевтың туысы, жазушының досы Бақыт Қойшыбеков, білім саласының ардагері Тілеуғалы Әміртай, жазушының апасы, журналистика ардагері Қарлыға Жұмабаева, жеңгесі Панар Ертәубаева, этнограф-ғалым Темірғали Аршабеков, Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжігіт және басқа да қонақтар Сүйіндік Жанысбайды жаңа кітабының жарық көруімен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді. Ал, самбодан Әлем кубогының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Жанат Байшолақов қаламгерге даңқты спортшы Қанат Байшолақов атындағы медальді табыстап, шығармашылық табыс тіледі.

Тұсаукесер рәсімінің соңы студенттер арасындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты.

Студенттер арасындағы ғылыми-тәжірибелік конференция қорытындысы бойынша I орынға Астана халықаралық университетінің студенті Юсуф Несіпбек ие болды. II орын Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенті Алуа Қанатқызына, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенттері Әйгерім Рақымжан мен Мирас Серікке бұйырды. Ал, III орынды Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенттері Аяжан мен Саяжан Сәрсембаевалар, Орталық Қазақстан академиясының студенті Альбина Бектуринова, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенттері Ердос Құсылбеков пен Дариға Холдорова иеленді.

Суреттер автордан

• КЕШ

Сатираның сұрмергені

Белгілі ақын, журналист, сатирик, аудармашы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бекәділ Семқұл биыл 70 жасқа толды. Сатира сұрмергенінің мерейтойына орай Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қаламгерді оқырманымен жүздестірген «Семсер тілді сатирик» атты әдеби кеш ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бекәділ Семқұлдың есімі «Орталық Қазақстан» газетінің өрелі де мәртебелі оқырманына таңсық болмаса керек. Оның сатиралық өлеңдері жыл сайын «1 сәуір – Күлкі күнінде» газет беттерінде жарияланып тұрады. Қаламгер мен оқырманы арасында алтын көпір болып отырған газет ұжымынан арнайы шақырылған ақын Жәлел Шалқарға сөз берілді.

– Жыл сайын күлкі күні мерекесінде Сіздің шығармашылығыңызға ерекше ықыласпен назар аударамыз. Өйткені, өлеңдеріңіз газет оқырманының айрықша ілтипатына бөленіп келеді. Біз оқырманның сұранысына баса мән береміз. Туындыларыңызды тек газеттен оқып жүруші едім. Бүгін өзіңізді «тірідей» көргеніме қуаныштымын, – деп, сатирикті қалжыңмен бір қағытып алды.

Бекәділ Семқұл 1956 жылы 1 сәуірде дүниеге келген. 1 сәуір – Күлкі күні.

Бекәділ Семқұл – бір кездері аудан болған Егіндібұлақтағы «Ленин туы», кейінде «Балқантау» деп аталған газетте қалам тербеген білікті журналист. Аудандық «Қарқаралы» газетінде де, республикалық «Азия транзит» қоғамдық-саяси апталық газетінде де еңбек етті. «Балқантау» редакциясында қазақтың маңдайы жарқыраған талантты ақыны Тұрсын Жұмашпен әріптес болған. Бекәділ Семқұлдың айтуынша, сатира жанрында қалам тербеуіне сол Тұрсын Жұмаш себепкер болған.

– Ара-тұра әзіл өлеңдер жазып жүретін едім. Бір күні редакцияда Тұрсын Жұмаш жанына шақырып алып, «Бекәділ, әзіл өлеңдерің тәп-тәуір. Сен осы сатираға мықтап кіріс. Сені бір белеске алып шығатын жанр – осы», – деді. Содан бері осы жанрда жазып келемін, – деді Бекәділ Семқұл.

Кеште 2023 жылы жарық көрген «Дүние жарық» атты жыр жинағы мен 2022 жылы жарық көрген «Айттың не...» атты кітаптарына шолу жасалды.

«Дүние жарық» кітабында ақынның өмірге, туған жерге, адамға деген сезімі мен көзқарасы көрініс тапқан. Ал, «Айттың не...» кітабында күнделікті өмірдегі мінез-құлық, қоғамдағы қайшылықтар мен келеңсіз құбылыстар секілді тақырыптар қамтылған.

Кеш барысында ақын мен оқырман арасында еркін сұхбат өрбіді. Оқырмандар ортаға шығып, ақын шығармашылығындағы көңіліне жаққан өлеңдерін оқыды. Қаламдас һәм үзеңгілес достары да екі кітапқа қатысты пікірін білдіріп, лебізін жеткізді.

• ХОККЕЙ

Сырт айдында сүрінді

Ұзақ үзілістен кейін қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы мұз айдынына қайта оралды. Pro Hokei Ligasy ойындарының кезекті турында жерлестер сырт алаңда атыраулық «Бейбарыс» клубымен кездесіп, 3:5 және 2:3 есебімен жеңіліп қалды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізі, «Сарыарқа» мен атыраулықтар жыл басынан бері жеті мәрте кездесіпті. Оның бесеуінде қарағандылықтар жеңіске жеткен. Тіпті, қарсыластарынан ірі есеппен басым түскен. Сондықтан, бұл жолы да жанкүйерлер қарағандылықтардан осындай қарқын күткен еді. Алайда, бұл жолы «Сарыарқа» қарсыластарынан айласын асыра алмады.

Алғашқы кездесуде командалар үшінші кезеңнің басында 3:3 есебімен тең түскен. Дегенмен, ойын соңына қарай айдын иелері қарағандылықтар қақпасына тағы екі шайба салып, кездесуді 5:3 есебімен аяқтады.

Қарымта матчта жерлестер шабуылды ширақ бастап, алғашқы сәттерде екі шайба соғып үлгерді. Алайда, үшінші кезеңде атыраулықтар қатарынан екі гол соғып, есепті теңестіріп кетті. Бұдан кейін де «Сарыарқаның» есепте алға шығуға бірнеше мүмкіндігі болған. Бірақ, айдын иелері қорғанысты ширатып, негізгі уақыт аяқталғанша есепті өзгертпеді. Осылайша, ойын овертаймға ұласты. Қос команда қосымша кезеңде де жеңімпазды анықтай алмады. Нәтижесінде, матч тағдыры буллит сериясында шешіліп, бұл жолы сәттілік атыраулықтардың жағында болды.

– Жігіттерге қарсылас команданың тізгінін жаңа бапкер ұстағанын алдын ала ескерткенмін. Жаңа бапкермен бірге жаңа қарқын мен тың тактика келетінін де білдік. Сондықтан, бұл жолғы ойын бұрынғы кездесулерден өзгеше өрбитінін түсіндік. Әрине, сырт алаңда өз айдынымыздағыдай өнер көрсете алмаймыз. Десе де, алғашқы матч өте тартысты өтті. Өкінішке қарай, шешуші сәттерде ойыншылар қателесіп жатты. Бұған ұзақ үзілістің де әсері болған шығар. Командамыз бұрынғы ойын қарқынынан сәл айырылып қалғандай көрінді. Қарсыластар осы мүмкіндікті тиімді пайдаланды. Ал, қарымта кездесуде жеңіске жетуге мүмкіндік мол еді. Ойын тізгінін де өз қолымызға алдық. Алайда, бәрі біз ойлағандай болған жоқ, – деді клубтың бас бапкері Владимир Князев.


Енді «Сарыарқа» 22-23 қарашада сырт алаңда «Ақтөбе» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Аңыз бапкер атындағы аламан

Қарағандыда Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Шәріп Харисовты еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы грек-рим күресінен республикалық турнир мәресіне жетті. Биыл дәстүрлі додаға еліміздің 13 облысынан 230 жас балуан қатысып, боз кілемде өзара мықтыны анықтады. Жарыстың ашылу салтанатына спорт ардагерлері, тәжірибелі жаттықтырушылар мен Шәріп Харисовтың қызы Ғалия Шәріпқызы қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын барысында даңқты бапкердің күрес спортының дамуына қосқан үлесі, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған еңбегі ерекше аталып өтті.

– Шәріп Харисов өте мейірімді, әзіл-қалжыңы жарасқан ерекше жан еді. Бүгінде ортамызда оның көзін көрген шәкірттерімен қатар, спорттағы ізбасарлары да жүр. Менің спорт шебері атануымда да Шәріп Харисовтың сіңірген еңбегі зор. Ол грек-рим күресінің өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Бапкердің жетекшілігімен облыс құрамасы Қазақстан халықтарының спартакиадасында төрт мәрте чемпион атанды. Ұзақ жылғы жаттықтырушылық қызметінде бірнеше спорт шеберін, республикалық және халықаралық деңгейдегі ірі жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін тәрбиеледі. Ал, жас спортшыларға оқуда да, спортта да табыс тілеймін. Алдағы уақытта биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне берсін, – деді Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Илдар Гафаров.

Аталған чемпионат 10 салмақ дәрежесінде өтті. Ал, осы турнирде өңір атынан 70 балуан боз кілемге шығып, өңір намысын қорғаған. Нәтижесінде, жерлестердің мерейі үстем болды. Атап айтсақ, 60 келіге дейінгі салмақта белдескен жерлесіміз Нұрбек Сәтжан ақтық кезеңге дейін жетті. Алайда, финалдық бәсекеде қарсыласынан айласын асыра алмай, күміс жүлдеге қол жеткізді.

– Осы спорт түрімен шұғылданып келе жатқаныма бес жылдан асты. Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған спорт мектеп-интернат-колледжінде жаттығамын. Бұған дейін республикалық және халықаралық турнирлерде жеңімпаз атанғанмын. Өкінішке қарай, осы чемпионатта ақтық кезеңге дейін жетіп, финалда жезқазғандық қарсыласымнан жеңілдім. Бір жағынан тәжірибе де жетіспеді. Десе де, осы чемпионат шеберлігімді шыңдап, тәжірибе жинақтауыма үлкен мүмкіндік берді. Алдағы уақытта дайындығымды күшейтіп, чемпион болуға бар күш-жігерімді саламын, – деді Нұрбек Сәтжан.

Бозкілемдегі белдесулер тартысты өтті. Нәтижесінде, өңір атынан 65 келі салмақта сынға түскен Сырым Болатбек пен 92 келіде бақ сынаған Алмаз Қалдарбек ел чемпионы атанды. Ал, 80 келіде белдескен Балтабай Айтжанов, 45 келіде Дмитрий Васильев пен 110 келіде өнер көрсеткен Искандер Мақыжанов чемпионаттың қола жүлдесін иеленді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**
Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru
Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412
Таралымы 3 140
№129 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**